

ҚАЗАҚ
ҚАЛАЛЫҚ
ЭТНОСҚА
АЙНАЛУЫ
КЕРЕК ПЕ?

3-бет



ЖҮЗ ЖАСАҒАН
ЖҮРЕК

Ибрагим Нұрымбетов
туралы сыр

8-9-бет



ПЕДАГОГИКА
ПСИХОЛОГ
КӨМЕГІНЕ
ЖҮГІНЕДІ

16-бет

ҚАЗАҚҰНИ 25 ЖЫЛ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni@mail.ru

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

11 (1192) 16.03.2026

КІТАП ОҚЫП,

*Бес
Миллион*

ҰТЫП АЛ!



Бас жүлде 5 млн. теңге.
Ол рандом арқылы
анықталады.

Бірінші орынға 2 млн. теңге,
екінші орынға 1 млн. теңге.
Осылай 10 орынға жүлде
беріледі.

Одан кейін рандомда 10
жүлде бар. Бірінші кітаптан
50 балл, екіншіде 60 балл,
үшіншіде 60-тан жоғары алса,
үш кітапты да оқыды деп
саналады.

14 бет

12
бет

«СВОИХ НЕ
БРОСАЕМ»



15 НАУРЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНЕДІ

– Шын мәнінде, бұл күн ел өмірінде мәңгі сақталады. Енді 15 наурыз – Конституция күні болып белгіленеді. Бұл – еліміздің басты құжаты. Мен басқа да мемлекеттердің конституцияларымен танысып шықтым. Біздің Конституциямыз ең үздік Ата заңдардың қатарында тұрады деп сеніммен айта аламын, – деді Мемлекет басшысы.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ АЛДА!

Тәуелсіздікті алу қандай қиын болса, сақтап қалу одан да қиын. Сол үшін барлық күшті қазақтың сенімін селдіретуге емес, қасиетті Тәуелсіздіктің мызғымастығы туралы Ұлттық Рух қалыптастыруға жұмсау керек! Ол үшін Ұлттық идеологиялық концепция қабылдау қажет, терең отарсыздану саясатын жүргізу керек деп зарлап келе жатқанымызға отыз жылдан асты...

4
бет

ТОҚАЕВ: 15 НАУРЫЗ – КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ БОЛЫП БЕЛГІЛЕНЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазмедиа» орталығында республикалық референдум аясында үгіт-насихат науқанына белсенді қатысқан жастармен кездесті.

Президент бүгін тарихи күн екенін атап өтіп, жастарға ризашылығын білдірді.

– Шын мәнінде, бұл күн ел өмірінде мәңгі сақталады. Енді 15 наурыз – Конституция күні болып белгіленеді. Бұл – еліміздің басты құжаты. Мен басқа да мемлекеттердің конституцияларымен танысып шықтым. Біздің Конституциямыз ең үздік Ата заңдардың қатарында тұрады деп сеніммен айта аламын, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Президент жаңа Конституция, ең алдымен, жастарға арналғанына назар ау-



дарды. Ата заңға волонтерлік қызмет, ғылым, инновация, жасанды интеллект сияқты ұғымдар енгізілгеніне тоқталды.

– Ауқымды үгіт-насихат науқаны жүргізілді. Алдымызда

жұмыс көп. Енді жазда Парламент сайлауы өтеді. Оны бір ел болып атқаруымыз керек. Бұл жастардың парламенті болуы қажет деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дүбірлі референдум ресми түрде «өтті» деп танылды

ҚР Референдум жөніндегі орталық комиссиясы Жаңа Конституция бойынша республикалық референдумдағы дауыс берудің алдын ала нәтижелерін жариялады.



16 наурыздағы таңғы сағат 8:00-дегі жағдай бойынша, еліміздің барлық өңірі мен шетелдегі 10 388 референдум учаскесінде дауыстарды санау аяқталды.

– Бүгін таңертең аумақтық референдум комиссиялары дауыс беру нәтижелері туралы хаттамалардың электронды көшірмелерін ұсынды. Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының комиссияларынан алынған осы деректердің негізінде Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумда дауыс берудің алдын ала нәтижелерін анықтады, – деді Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров.

Референдумға қатысуға құқығы бар республика азаматтарының жалпы саны 12 млн. 982 мың 603 адам. Дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны – 9 млн. 127 мың 197 адамды немесе референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар санының 73,12 пайызын құрады.

Осылайша жаңа Конституцияны қабылдау туралы мәселенің оң шешімін жақтап, дауыс берген азаматтар саны еліміздің барлық өңірінде дауыс беруге қатысқан 7 млн 954 мың 667 адам немесе 87,15 пайыз болды.

Референдумға қойылған мәселені қабылдамаған азаматтар саны – 898 099 адам.

Жауаптардың екі нұсқасы да таңдалған, яғни жарамды деп танылған, бірақ дауыстарды санау кезінде есепке алынбайтын бюллетеньдер саны – 127 868.

Белгіленген үлгідегі сондай ақ дауыс бергендердің ерік білдіруін айқындау мүмкін емес және жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 146 558.

– Республикалық референдум туралы заңнаманың нормаларына сәйкес, егер референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқан болса, референдум өткізілген деп саналады, – деп атап өтті Нұрлан Әбдіров.

Сондай-ақ, республикалық референдумға шығарылған мәселе бойынша шешім егер оны жақтап, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, «қабылданды» деп есептеледі.

Республикалық референдум заңнамасына сәйкес, аумақтық референдум комиссиялары дауыстар саналғаннан кейін әрбір өңір бойынша хаттамалардың түпнұсқаларын Орталық референдум комиссиясына табыстауы қажет.

Республикалық референдумның қорытындылары Орталық референдум комиссиясында белгіленеді. Оның өтетін күні мен уақыты қосымша хабарланады.

Өңірлер бөлінісінде жаңа Конституция жобасын жақтап дауыс бергендер:

1. Абай облысы бойынша – 84,02%
2. Ақмола облысы бойынша – 85,64%
3. Ақтөбе облысы бойынша – 93,96%
4. Алматы облысы бойынша – 80,41%
5. Атырау облысы бойынша – 78,81%
6. Батыс Қазақстан облысы бойынша – 81,41%
7. Жамбыл облысы бойынша – 92,73%
8. Жетісу облысы бойынша – 90,15%
9. Қарағанды облысы бойынша – 83,82%
10. Қостанай облысы бойынша – 89,74%
11. Қызылорда облысы бойынша – 89,97%
12. Маңғыстау облысы бойынша – 93,40%
13. Павлодар облысы бойынша – 94,14%
14. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 83,10%
15. Түркістан облысы бойынша – 92,21%
16. Ұлытау облысы бойынша – 83,73%
17. Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 91,51%
18. Астана қаласы бойынша – 86,32%
19. Алматы қаласы бойынша – 71,36%
20. Шымкент қаласы бойынша – 86,88%.

«АҚ ЖОЛ»: ҰЛТЫМЫЗ САЯСИ КЕМЕЛДІК ТАНЫТА БІЛДІ

«Ақ жол» Демократиялық партиясының референдум қорытындысы бойынша мәлімдемесі

Құрметті қазақстандықтар!

«Ақ жол» Демократиялық партиясы Қазақстан Республикасының барша халқын Жаңа Конституцияның қабылдануымен шын жүректен құттықтайды!

Осынау тағдыршешті сәтте ұлтымыз жоғары азаматтық жауапкершілік пен саяси кемелдік таныта білді. Бұған дауыс беру учаскелеріндегі сайлаушылардың жоғары қатысуы дәлел.

Бұл – Конституция жобасын әзірлеу, сондай-ақ оны еліміздің барлық өңірлері мен салаларында, жергілікті қауымдастықтар мен еңбек ұжымдары арасында түсіндіру бағытында жүздеген, мыңдаған отандастарымыздың атқарған ауқымды жұмысының нәтижесі.

«Ақ жол» Демократиялық партиясы Парламенттік реформа жөніндегі Жұмыс тобы мен Конституциялық комиссияның барлық мүшелеріне ел алдында тұрған ең өткір мәселелерге жауап беретін сапалы әрі мазмұнды құжатты бірлесе әзірлегені үшін ризашылығын білдіреді.

Жаңа саяси модельдің қалыптасқан тәсілдері мен институттары Қазақстанға экономикаың сенімді түрде дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруға, озық технологияларды енгізуге және ұлттық мүдделерді болашақта ілгерілетуге мүмкіндік береді деп есептейміз.

Жаңа Конституцияда жұмыс тобы мен комиссия отырыстары барысында, сондай-ақ алдыңғы жылдарда партиямыздың тарапынан ұсынылған бірқатар бастамалардың ескерілгені біз үшін ерекше мәртебе. Олардың қатарында, пропорционалды жүйе бойынша сайланатын бір палаталы

Парламентке көшу; мемлекеттің кепілдіктері мен қорғауын меншіктің барлық түрлеріне тарату; банк құпиясын және келіссөздер құпиясын, соның ішінде цифрлық технологияларды пайдалану арқылы қорғау; Республика мемлекеттілігінің Ұлы даланың мыңжылдық тарихымен сабақтастығы және басқа да маңызды мәселелер бар.

Бұл өзгерістердің барлығы авторитарлық жүйеден арылып, теңгерімді, қуатты, бәсекеге қабілетті және көпқырлы саяси модельдің қалыптасуына; саяси партиялардың нығаюына және қоғамның түрлі топтары мүдделерінің мемлекеттік басқару жүйесінде кеңірек қамтылуына жол ашады. Президент Қ.Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан», «Заң мен тәртіп» атты базалық қағидаттары еліміздегі шынайы демократияның алаңына айналмақ, себебі, демократияның басты мақсаты – Заң арқылы жүзеге асатын Тәртіпке сүйенетін Әділеттілік.

Мемлекет пен қоғам арасындағы сенім мен әріптестіктің дамуы; азаматтық және кәсіпкерлік бастамалардың жаппай белең алуы; халықтың ғылыми және технологиялық жобаларға кеңінен тартылуы; сондай-ақ инновациялар мен цифрлық әзірлемелердің, соның ішінде жасанды интеллекттің өндіріске, экономикаға және қазақстандықтардың күнделікті өміріне жедел енгізілуі Жаңа Конституцияның тікелей нәтижесі болады деп сенеміз.

Осының барлығы Қазақстанды ХХІ ғасырдағы ең прогрессивті, табысты және креативті елдердің қатарына шығарады.

qazaquni.kz

Көктөбедегі Көрісу күні

14 наурыз күні Алматыда Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамының бастауы саналатын Көрісу күні кең көлемде атап өтілді. Мерекелік іс-шара қаланың көрікті орындарының бірі – Көктөбеде өткен «Көктөбедегі Көрісу» атты концерттік бағдарламамен басталып, қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше әсер сыйлады.

Биылғы кештің басты ерекшелігі – заманауи технологиялардың кеңінен қолданылуы болды. Іс-шара дыбыстық дрондардың әсерлі әуе шоуымен ашылып, Көктөбе аспаны мерекелік көрініске бөленді. Жоғары технологиямен құтықтап, Көрісу күніне таң ерекше атмосфера қалыптастырды. Бұл әсерлі көрініс жиналған көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп, концерттің символдық басталуына айналды.

Кештің тағы бір ерекше сәті – «Жасанды интеллект жылы» аясында роботтардың мерекеге қатысуы болды. Заманауи роботтар халық арасына шығып, көрермендермен көрісіп, құшақтасып, мерекелік көңіл күйі сыйлады.

Мерекелік бағдарлама «Алатау» дәстүрлі өнер театры артистері дайындаған театрландырылған қойылыммен жалғасты. Қойылымда қазақ халқының көне дәстүрі – көрісу салты сахналанды. Артистер көрермендермен көрісіп, құшақтасу арқылы Көрісу күнінің мәні мен маңызын айшықтай түсті.

Кеште қазақстандық танымал өнер жұлдыздары өнер көрсетті: Айгүл Қосанова, Мәдина Сәдуақасова, «Алатау серілері», «КешYOU», «Made in KZ», «Тұмар» топтары және «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі көрермендерге мерекелік көңіл күйі сыйлады.

Іс-шараға 2000-нан астам адам қатысты. Сол күні Көктөбеге көтерілетін аспалы жол келушілер үшін тегін болды, ал тұрғындар мен қонақтарға тегін шай ұсынылды.

Дрондар мен роботтардың қатысқан «Көктөбедегі Көрісу» мерекесі алматылықтар мен қала қонақтарына көтеріңкі көңіл күйі сыйлап, Наурыз мейрамының басталуын айшықтаған мәдени оқиғаға айналды. Бұл бастама Алматыда Наурыз мейрамын жаңа форматта атап өтудің ерекше үлгісі ретінде есте қалды.

Неге десеніз, бұл қазіргі ғылым мен технология дамыған дәуірдің бұлтартпас шындығы. Біздің елімізде осы қоғамдық сананы қалыптастыру қандай бағытта жүріп жатыр деген ой әрбір өзін зиялы қауымның төңірегінде болуды мақсат тұтқан азаматтың ойына маза бермей, көкірегін қақ айыратыны анық. Бұл орайда, біз зиялы қауым деп, тек жоғары білімі бар және атакшанды жамылып елге «ақыл» айтып, «жол» сілтеп жүргендерді айтпаймыз. Зиялы деп өз білімін, жігері мен қайратын, бар болмысын елінің, жерінің, ұлтының тағдырына арнап, соның жолында еш нәрседен тайсалмай, шырылдап жүрген, көкірегі шерлі азаматтарды айтамыз.

Газет, журнал беттерінде елдің қамын ту ғып ұстап, айғайы да, байсалды ойлары да жарық көріп жатқан азаматтар жеткілікті. Демократиялық мемлекет боламыз деген пікір құлаққа сіңіп, ойды одан арман мазалап, кей уақыттарда небір қиялды тудырады. Кейбір кездерде, осы біз бұрынғы өткен қоғамды құрған кездегі әкелеріміздің бақытты болашақ «коммунизм» дегеніндей «демократияны» ту ғып желбіретіп, айғайлап жүріп, еліміздің қай бағытта дамып, қандай мемлекет құрып, ұлтымыз үшін қандай құндылықты сақтап, оны қалай тұрақты ғылыми жолмен өркендететінімізді анықтай алмай, жоғалтып аламыз ба деген сұрақ тудырады. Сондықтан, сап-сап сұрақ көңіліңізді сандық, асықпай байыпты сабырмен, жан-жақты сараптап отырып ойланайық.

Алғашқы тәуелсіздік алған кездерде елімізде экономика мәселелері өте қиыншылық жағдайларда шешіліп, көптеген ауыр белестерді өткерді. Ал енді макроэкономикалық мәселелері сауатты шешіліп, соның салдарынан ел экономикасында біраз жетістіктердің барлығына ешкім шүбә келтіре алмайды. Осы экономикалық даму сәттерінде ел басқару жүйесінде біраз қателіктер жіберілгені ол да шындық. Бірақ сол қателердің болуына субъективті де, объективті де себептердің барлығына дау айтауға тиіспіз.

Солай дей отырып, енді мемлекеттің экономикалық даму саясатында субъективті қателер жібермеуді қадағалау қажет. Қазіргі біздің ел үшін ең маңызды мәселе, ол әлемдік жаһандану үдерісіне байланысты ұлтымыздың тәуелсіздігін формальды түрде емес, нақты сәттеп қалау болады. Бүкіл әлемдік қоғамдық даму үрдісі заңдылығын ескере отырып, кейінгі 50-60 жылдарда колониялық жүйе күйреуінің салдарынан пайда болып, өркениетті дамып келе жатқан мемлекет құра білген елдердің тәжірибесінің елімізге тиімді жағын әкелуді ұмытпауымыз қажет.

Өкінішке қарай, әлі күнге дейін Қазақ елі келешекте қандай мемлекет болады, мемлекеттік деңгейде қандай құндылықтарды қорғайды деген сауал ашық қалып отырғандай. Олай дейтінім, мемлекеттің ұлттық идеясын әлі күнге дейін нақтылай алмай, әзірше өткен кенес дәуірінің идеялық ықпалы мен батыстың либералдық модернизациясының жетегіне еліктеп, табиғи байлықты сатудан шыға амайтын экономикалық саясат жүргізіп отырғандаймыз.

Елдің Тәуелсіздігімен ұлтымыздың сақталуына тек

Біз бұл реттегі сөзді халқымыздың қоныстану саясаты, демография, әлеуметтік қорғау мәселесіне арнағымыз келеді. Қазір ақпарат құралын пайдалана отырып, әрбір адамның сана сезімін оятып, оны керекті бағытпен қоғамдық сананы қалыптастыруға итермелейтінін мойындамайтын адам жоқ.



ҚАЗАҚ ҚАЛАЛЫҚ ЭТНОСҚА

АЙНАЛУЫ КЕРЕК ПЕ?

ғылыми тұрғыдан қарап, тарихи дамудың жолын халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан менталитетіне қайластырып жол ғана кепіл бола алатынын ұмытпасак керек-ті. Осы өзіндік жолды таңдауда көз жұмып еліктемей әлемдік өркениеттің, тек тиімді жақтарын орындап пайдалану қажет шығар. Сонда ғана билік мемлекеттің ішкі таусылмас қуаты халықтың сеніміне ие бола алады.

Бұл жерде біз Түркия, Қытай, Жапон, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур және Скандинавия елдерінің тәжірибесінен үйренуіміз керек. Бір қуанарлық жайт, біраз ғалымдар мен саясаткерлер осыны түсініп, қоғамдық сананың дұрыс бағытта өрбуіне ат салысып жүргендері үміт отын жағады. Сонымен қатар батыс өркениетіне еліктеп, терең ойсыз жаттанды, жалпылама тұжырымдарды сараптап өткізбей насихаттап жүргендерде аз емес. Ұлт құндылықтарына байланысты теріс бағытты уағыздау ұлтымыздың келешегіне тас атқанмен бірдей. Сондықтан осы бағытта бір ғана мәселеге тоқтауды жөн көреміз.

Кейбір қазақ саясаткерлері мен саясаттанушыларының ұлттық құндылықтар туралы газет бетінде жарық көрген пікірлерінің ой салатынын жоққа шығармай отырып, бірақ «қазақ қалалық этносқа айлану керек» деген пікіріне қарсы уәж айтқым келеді.

Өткен ғасырдың ортасынан әлемдік қоғам дамуында урбанизация үдерісінің экономикалық, әлеуметтік дамуға жаңа серпілістегі ерекшелігі мен ықпалын көптеген ғалымдар жаңа даму дәуірінің жаңа ерекшелігіне жатқызып жүргені мәлім.

Урбанизация адам баласының мәдениетте, әлеуметтік дамуға, психологиялық өзгерістерге жеделдетте аяқ басатынын растап отыр. Сонымен қатар осы урбанизация үдерісі әр халықты ғасырлар бойы қалыптасқан адами, рухани қасиеттерінен ада етіп қатыгездік, дүниеқорлық, өзімшілдік, маскүнемдік, нашакорлық және жантаушылық қылмыскерлікті қалыптастыруды жеделдететіні де белгілі. Оны ешбір адам жоққа шығара алмайды. Және де урбанизация үдерісінің

әлемдегі қоғамдар дамуының заңдылығына сай ары қарай дами беретіні де шындық. Урбанизация жолын жаңадан еркіндік алған елдерге әдейі насихаттап, олардың өз ұлтының ерекшеліктері мен рухани байлығынан аластау үшін жасап отырған саяси бағыт екенін де ұмытпауымыз қажет болар. Біз қалаландыру (урбанизация) үрдісі ғана қазақ елінің келешегі деп ұлтымыздың тарихи қалыптасқан менталитетіне зорлық жасауымыз – үлкен қате деп санаймыз.

Урбанизация үдерісі әлемдегі барлық халықтың өміріне өзгерістер әкелетіні ақиқат, бірақ бұл үрдіс табиғи даму заңдылығына байланысты әр жерде әртүрлі екіпінмен әсіресіз (авантюра сыз) өмірге енетінінде заңдылық. Әсірелік пікірді ұсынудың өзі, әр халықтың өсіп дамуының, психологиялық қалыптасуының және экономикалық өркендеу заңдылығын терең түсінбеуден туындайды. Біз қазірдің өзінде өткен қоғамның солақай саясатының әсерінен урбанизация үдерісінің ықпалын жеделдету үрдісі болғанынан кейбіреулер «асфальт қазағы», енді біреулері «мәңгірт» атауларымен айдарлаған жүздеген мың ұлттық рухтан, патриоттық сезім мен мәдениетімізден айрылған қандастарымыздың тағдырын ұмытпауымыз керек. Бұл азаматтар, ұлтымыздың қазіргі кезеңде көптеген технологиялық бағыт пен білім салаларын меңгерген, соны ескеріп еліміздің келешегі үшін олар ауадай қажет екенін де ескерейік.

Асығыс ойлап, батыс елдерінің тәжірибесіне еліктеу ауылдың келешегіне қиянат. Экономикамызды жаһандану үдерісіне сай дамытудың басты жолының бірі – ұлтымыздың тарихи шаруашылық ерекшелігін қазіргі заман талабына

сай дамыту жолын таңдау. Біздің еліміздің ерекшелігі – кең-байтақ жерінің даласы байлығы мен оның қазасы мен тауларының және теңіз, көлі мен өзенінің азық-түлік, тағы басқа өнімдерді өндірудегі мол мүмкіншілігін ескерсек керек. Еліміздің осы ерекшелігін пайдалану үшін ұлттық идея негізіне сүйене отырып, ауылды дамыту туралы арнайы заңдастырылған ұлттық бағдарлама жасалуы тиіс. Оған мұнайдан, қазба кендерінен түсетін пайданың 30 пайызын жұмсап отыру қажет деп есептейміз. Ұлттық қордың көп жылдан кейін ұрпаққа әкелетін жақсылығын осы ұлттық бағдарламаға бұру іс жүзінде келешек ұрпаққа қазір жасалатын қамқорлық болмақ.

Ауыл – халқымыздың рухани байлығының темірқазығы, таусылмас көзі екенін, біз соны әлі де лайықты бағалай алмай келеміз.

Себебі ауыл мен қаланың мәдени дамуының ара алшақтығында болып отыр. Сондықтан ұлтымыздың келешегін ойласақ, онда ең бірінші шешілетін мәселе ауылдың экономикасы, әлеуметтік жағдайы мен мәдениетін қалаға теңестіру жолын іске асыру болады. Дамыған Еуропадағы кішкентай ғана Дания елін алсаңыз, экономикасы аграрлық сипатта дамыған осы ел бүкіл Еуропаның елдерінің азыққа қажеттілігінің 30 пайызға жуығын береді. Голландия елі де сондай. (Әлем тәжірибесінде мемлекеттің үлкен-кішісі олардың жер көлеміне емес, тек халық санына қарай бағаланады.)

Осы елдерде ауылшаруашылығымен шұғылданатын мекен-жайлардың әлеуметтік, мәдени деңгейлері қала тұрғындарымен бірдей. Осының өзі еңбек өнімінің өсуі мен жаңа технологияны пайдалануға зор ықпал етеді. Қазақстанда ұлттық

бағдарлама жасап, ауылдың тұрмыс мәдениетін қала деңгейіне жеткізіп, ауыл шаруашылық өнімінің ғылыми негізде оны технологияны пайдалана отырып, шағын өнеркәсіп әр мекенжайда орналасуын шешу негізгі мәселе (бұл дайындықсыз электрон-сандық технология жүйесін енгізу емес). Осы өнеркәсіп орындарында мал мен жер және судан алатын шикізаттарды қалдықсыз жоғары сапада тауар шығаруды жүйелі жолға қою керек. Және де олардың тауарлық сипатын сұранысқа сай жоғары дизайн деңгейінде болумен қатар, тауардың бағаларын өсірмей тез тұтынушыларға жеткізетін (делдалсыз) азық-түлік дайындау жүйесін құру керек болар. Осы экологиялық таза өнімдер ең бірінші ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуі шарт. Сонда ғана ол өнімдерге Азия, Ресей, Кавказ, Балтық жағалауы, Еуропа елдерінде сұраныс пайда болуы заңдылық.

Нарықтық даму заңдылығы, өнімнің тек ішкі сұраныстың қажеттілігін қамтамасыз ететіні ғана әрқашанда әлемдік сұранысқа төтеп бере алады.

Сонымен қатар біздің ел жақын кезеңдерде ешқандай да бір өнеркәсіп өнімімен әлемдік деңгейде бәсекелестікке түсе алмайтыны ақиқат. Өйткені, экономиканың заңына сәйкес әлемдік деңгейде бәсекеге төтеп беретін өнімді сол жұрттың тарихи қалыптасқан кәсіби ерекшелігіне байланысты болатынын естен шығармау қажет.

Ауылдың тұрмыс-мәдениетін қала деңгейіне жеткізу қиянаттан туған дейтіндер де табылар. Оған айтар уәжіміз: Өткен ғасырдың 60-70 жылдар арасында Қазақстандағы өлкеніңдегі совхоздардың орталығындағы тұрмыстық-мәдени жағдайлардың қалай шешілгенін еске саламын. Ол кездерде онтүстік, орталық, шығыс облыстардың ауылы тұрмақ көптеген аудан орталығында жоқ тұрмыстық мәдениет осы тың совхоздарының орталығында болғаны белгілі. Осы мекен-жайларда орталық жылу, су жүйесі, байланыс, сауда, тұрмыстық қызмет көрсету және мәдени орталығы, қонақ үйі мен кафе-асханасы тұрғындарға қызмет көрсетті. Ал қазақ ауылдары мен аудан орталықтарында мұндай жағдай орындалмайтын арман еді. Ол кездерде аудан орталықтары былай қойып кеңшарлар мен кіші-гірім қалалар теледидарды бірі көрсе, бірі көрмеді. Ал, қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық мүмкіншілігі бар жағдайда ауылды көтеруге болмайды деудің өзі ұлтымызға қиянат жасау деп білеміз. Ауыл мәселесін шешу үшін тек ынталы, жігерлі және іскерлі қадам жасау керек. Ол үшін ел билігінде отырған азаматтар сөзден іске көшіп, халықтың мүддесін шын қорғайтын құлық көрсетуі қажет.

Біз ұлттық дамуымызды заңды қалаландыру деген жаңсақ, ұлтымыздың менталитетіне қайшы бағытқа итермелеудің қателігін Польша, Балтық жағасы елдерінің ұлттық ерекшеліктерінің дамуына өзек болып отырған аграрлық саясаттары – хуторлардың тұрмыстық, мәдени дамуына аса көңіл бөліп отырғандары мысал бола алады. Тағы бір маңызды мәселе – бос қалған байтақ жерімізді келімсектердің иемденіп, келешекте ұрпағымыз Отанынан айырылуы қаупін де естен ешбір шығаруға болмайды.

Болат ДҮЙСЕМБІ,
саясаткер-экономист,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



Әлем тарихынан жақсы білетініміздей, кез келген ұлттың өркендеуі ұлттық рухтың күштілігіне байланысты. Ұлтты алға бастайтын ең алдымен Ұлттық сананың мықтылығы. Ал керісінше, қай кезде де, қай елде де «Тәуелсіздікті сақтай алмаймыз, ұлт жойылады, құрып бара жатырмыз» деген түңілу адам бойындағы үмітті өлтіріп, ұлтты құлдырауға бастайды. Үміт өлсе, сенім жойылады, рух жоғалады, бәрі өледі. Сондықтан ең бастысы РУХ құдыретіне ие болып, сенім күшін сезіну үшін Ұлттық сананың күшеюі жолында ұлт зиялыларының атқарар ролі зор болуы тиіс.

Әлеуметтік желіде дау болып жатқандай, атышулы ақын қыздың ашынып айтқандарының ішінде әрине, шындығы да бар. Әсіресе, тіл туралы айтқанын ешкім бұрыс дей алмайды. Өйткені, оған бәріміз күнде куә болып жүрміз. Бірақ тіл туралы да, ұлт туралы да Танагөзге дейін де одан да қатты айтқандар жетеді. Ондай сынның көкесін менің «Бүгінгі күннің Мырзан қайғысы» атанған Мырзан Кенжебай көкем күнде жазады... Былтыр жана ашылған жайлы мектептің қазақ тіліндегі бірінші сыныбына баруға бір қаладан бір бала да табылмаған «қазағы жоқ» Көкшетауда қазақ мүддесі үшін күресіп жүрген ақын Алмас Темірбай бауырымның алмас тілімен: «Омырауына отын жарса да, Оянба қазақ, оянба?!» деген отты жырын да оқыдық. Өзіміз де талай жылдан бері айтып, жазып келеміз...

Ал Қазақтың қайсар қыздарына келсек, жерұйықтай шетелдерде жайлы өмір кешпей-ақ, жайсыз жағдайда, Керекудің қақаған қырық градус аязында тіл үшін трамвайды кеудесімен тоқтатқан, қазақ тілін қорғаған жанкешті күресінің күштілігі сонша, жергілікті билік жындыханаға да жатқызған, парламенттен өзіміз араласып жүріп, босатып алған Ruza Weisenbai Tegі, Өскемендегі мемлекеттік тілге қарсылармен соттасумен келе жатқан Жұлдызай Форт, Алматыда жоспарда қазақ мектебі болып ашылатын жайлы мектепті жолдан араласқан шенеуніктер аралас мектепке айналдырмақ болғанда, қарсы шыққаны үшін 15 күн түрмеге жатып шыққан Дархан Ардақұлы, қазақ тілінде сөйлегені үшін сотқа тартылған әр қазақты қорғап жүрген адвокат-заңгер Мейірман Қалмақанұлы (Шекеев) бастаған тіл күрескерлері мұндай ұлттық мәселелерді өткір айтып қана қоймай, іс жүзінде бағыл айқасып келеді.

ҚАЗАҚТЫ ҚАНША СЫНАСА ДА, АБАЙ ДА АБАЙЛАП СӨЙЛЕГЕН...

Қалғыған елді қамшылаған, ұлттық мүддені қорғаған қандай қаракет болса да, қолдауымыз керек!

Әріден айтсақ, өзіміздің данышпан Абайымыздан бастап, әйгілі әлемдік тұлғалардың көбісі өз ұлтын өте қатты сынағанын жақсы білеміз. Әрине, жек көргеннен емес, жақсы көргеннен. «Жемқор, сатқын, ұры, құл» деген айыптаулар әсіресе, сан жылдар бойы сансыратқан отарлық езгінің орасан зардабын көрген, Тәуелсіздік алғанына отыз жылдан астам уақыт, бір дәуір өтсе де, әлі отарсыздану саясатын қолға алмаған Қазақстан секілді елге тән кемшіліктер. Бұл бірақ тек қазақта ғана емес, бар елде де болады, барлық халыққа да осындай сын айтылады. Тек Танагөз басқа планетадан келгендей, сырттай айыптаушы болып, «сендер түгел оңбаған екенсіңдер ғой» дегендей, екінші жақпен екпіндеп

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІ АЛДА!

жазбау керек еді, ішке кіріп, «біз сондаймыз» деп, бірінші жақпен сөйлеу керек еді... Сонда қаптаған қарсы шығушылар қарасы аздау болар еді...

Бірақ, әр нәрсенің шегі болады. Әрбір қазақ дұғасына қосып, «Құдай Қазақты Тәуелсіздігінен айыра көрме!» деп отырған елге «Қазақтар тәуелсіздігін сақтап қала алмайды. Себебі ол сапасыз ұлтқа айналған» деп жоғарыдан қарап, үстірт үкім айту – қарғыспен бірдей сөз! Мүмкін, бұл кейде күйінгенде құдайын да қарғайтын әжелеріміздің бүгінгі әйелдердің бойындағы көрінісі шығар десек те, ел тағдырына қатысты сөзде қазақты қанша сынаса да, Абай да абай болған, артық кетпеу керек еді...

Жат пиғылды жаулардың жар-маса кетіп, Танагөздің осы сөзін өз тілдеріне аударып алып, азығына айналдыра бастағаны сондықтан... Сылтау табуға құмар сырт күштерге сынық инедей де ілік табуға жол бермеуіміз керек мынау күннен күнге қиындап бара жатқан заманда...

Ұрлық – ұранымызға айналды. Жемқорлық жеріне жетіп, жегіқұрттай жеп бара жатқаны да рас.

Бірақ, Ұлт ұры болмайды. Жеке адамдар, биліктегі шенеуніктер ұры болады.

Өзім де ақын болғасын, Танагөздің шығармашылығын жақсы білемін, дарынды лирик, еркін ойлы ақын. Әсіресе, оның шет тілдер институтында оқып жүріп, қазақ бөлімін орыс бөліміне қоспақ болғанда, қарсы шыққанына риза болып, қолдап пікір жазғаным бар кезінде. Алшап қарсы туралы деректі фильмдерімен де танысып. Жалпы, жазбаларын оқып тұрамын.

Енді кеше сезімнің ақыны сезіміне еріп, артық кетіп қалғаны көрініп тұр. Онысын өзі де аңғарып, «Қазақ халқынан тізерлеп тұрып, кешірім сұраймын» деп жазды дейді, осымен Тана қызды мүйіздей беруді қою керек деп ойлаймын. Өз қызымыз түгілі өзге диаспора өкілдерінің де еліміз, ұлтымыз туралы неше түрлі айтқандарын кешіріп келе жатырмыз ғой?!

Қоғамдағы күрделі мәселелерді талқылау – қалыпты нәрсе. Кез келген қоғам өзін сынау арқылы дамиды. Бірақ, алдымен, бір маңызды нәрсені ажыратып алған дұрыс: қоғамдағы проблемаларды сынау мен тұтас бір халықты толықтай жоққа шығару – екеуі екі түрлі нәрсе. Себебі, кез келген ұлт әртүрлі адамдардан тұрады. Сондықтан тұтас бір ұлтты «сапасыз», «құл», «жарамсыз», «фейк» деп сынау ешқандай шындыққа сай келмейді.



сөйлеген ақын қызды сотқа береміз деп те шықты... Әлгі әйелдің Қазақ жігітіне емес - Қазақ Тіліне, Қазақ Еліне, Қазақ мемлекетіне айқайлап тұрғанын ойлауға паркы жететін билік бар ма?! Қазақ тілінде сөйлеуге болмайтынын, Қазақ тілін қорғауға болмайтынын дәлелдегендей, ешкім арыз жазбаса да, ешқандай кінәсі жоқ болса да,



Қазіргі дамып кеткен көп елдердің де қиын кезеңдері болған. Мысалы, Оңтүстік Корея 1960-жылдары өте кедей, жемқорлық жайлаған ел болды. Сол кезде ұлт зиялылары «Біз ел болмаймыз» деп талай сынаған. Қазір әлемдегі ең экономикасы да, рухы да мықты ел.

ТМД шеңберінен шыққан елдерді мысалға келтірсек, Estonia 1990-жылдары кеңестік жүйеден шыққанда өте әлсіз мемлекет еді. Қазір қуатты ел, цифрландырудан әлемнің үштігіне кіреді.

ТІЛІҢ БОЛСА ҒАНА – ТІРІСІҢ!

Ақын қыздың қазақты «Өз тілінде сөйлемейді. Құлдық сана етінен өтіп сүйегіне жеткен»-дегені шындық. Мұны күнде көріп те, бұдан да зорын айтып та жүрміз... Демек, бұл сөз де шоршып түсетіндей жана айтылып тұрған жоқ, баяғыдан барлығымыз зарлап келеміз.

Тек Танагөз прайм тайм уақыты тауып айта білді немесе сондай дер кезіндегі уақытқа тура келді.

Иә, бір аптаға жуықтаса да ел екіге бөлініп алып, Танагөздің сөзін талқылап жатыр.

«Шындықты айтты» деп қос қолдап қуаттап жатқандар да аз емес.

«Тәуелсіздікті мансұқтап, тұтас ұлтты жоққа шығаруда» деп айыптап жатқандар да жетеді...

Демек, бір ғана нәрсе айқын, Танагөз тарландарымыз талай айтқандай, елдің көкейіндегі сөзді қозғады.

Есігінің алдына айтқан заңын алып келіп тұрған қазақ жігіті Мейіржанға есігінің алдында жалшылықта жүргендей ежірейіп, «Орысша сөйле! Мен неге қазақша сөйлеуім керек?» деп түнгі қаланы басына көтеріп айқайлап боктаған, зіркілдеп, жер тепкілеп, ұрып жібере жаздаған түрі суық әйелге солай болуы тиісті сияқты үндемегендер енді ашынып

«біздің әлемдегі ең әділ, ең гуманды сот» – қазақ соты (?) ғарыштық жібдемдікпен қазақ жігітін соттап жіберді. Өзі күні-түні жаяулап қала кезіп, нан тауып жүрген курьерге 86 мың теңге айыппұл салып тастады. Қазақ жігітін емес, Қазақ тілін, Қазақ елін соттады! Әлемнің еш елінде болмайтын маскара! Бұл бір елдің Конституциясын бүкіл халық талқылап жатқанда, «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі мен орыс тілі «қатар ма, тең бе?» деп, қырықпышақ болып, айтысып жатқанда, оның жауабын қазақ соты, яғни, қазақ билігі берді...

Бір таңғаларлығы, мұның алдында Желтоқсан ардагері Мейірболатты ешқандай артық сөз айтпай, тек «Қазақ тілінде жауап беріңіз?» деген төрт сөзі үшін ғана төрт жылға соттаған сот «Орыс тілінде сөйле!» – деп, айқайлап, боктап, даттап, төпелеген әйелге ең болмаса бір ауыз «не болды?» деп те сұрақ қоймаған ғой?! Керісінше, тағы да астын сызып айтамын, екі оқиғада да ешкім арыз жазбаса да, занды қорғаған қазақтың мейірлі жігіттері Мейірболат пен Мейіржанды соттап, айыппұл салады. Бұндай әділетсіздікті көріп тұрған ел кеудесінде жаны, бойында қаны болып тұрып, қалай ашынбайды? Әлде, біздің сот пен шенеуніктер әдейі елді ашындыру үшін осылай әділетсіздік істейді ме?! Әділетті Қазақстанымыз қайда сонда?

Мен өзім Мейірболаттың ісін заң жүзінде әділ қарау туралы Бас прокурорға екі рет депутаттық сауал жолдадым. Бұл талабымызды тоқтатпаймыз!

Өзінің ана тілінде нан сұрай алмайтын нардның, «Көлікте, ЛРТ-да неге тек қазақ тілінде жазылады, қытайша, орысша неге жазылмайды» деп шу шығарып жүргендердің парламенттегі партияны басқарып, кезінде министр, депутат болғандарын, болып та жүруі әлемде ешқандай елде болмайтын маскара екенін айыптап жазғанымызға, жазып та келе жатқанымызға да талай жыл болды.

2022 жылы Конституцияға өзгеріс енгізуге референдум өткізуде парламентте Атазаңнан 7/2 бапты алып тастауды және Мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдауды көтеріп, депутаттық сауал жасауымыз елімізді дәріс сілкіндіргені белгілі. Бұл саяси талап – Парламент тарихында тұңғыш рет жасалған депутаттық сауалды парламенттің 41 депутаты қолдады. Бүкіл халық, қаны қазақтар белгілі зиялылар фейсбукта «Мемлекеттің Конституциядан 7 баптың 2 тармағын алып тастауды талап етпеймін!» деп челеңд жасап жалғастырып әкетті. Еговтағы петицияда қолдаушылар саны 500 мыңнан, жарты миллионнан асып кетті! Халық арасында қоғамдық резонанс тудырды!

Шошып кеткен шенеуніктер мен орыстіді БАҚ аяқтарынан тік тұрып, Қазыбек Исаға қарсы шабуыл ұйымдастырды.

Ал Атазаңның биылғы жобасына да тіл туралы бапты өзгерту туралы ұсынысымыз Конституция комиссиясында қаралып, өкінішке орай өтпей қалды.

Қазақ тілі үшін, ұлт мүддесі үшін қырық жылдай күресіп келе жатқандықтан, әлем тарихына қарап, болашақтан үміттеніп отырмыз.

Англияның билеуші элитасы Француз нормандары жаулап алған XI-XIV ғасырларда француз тілінде сөйлеген. Бұл бірнеше ғасыр елдің саяси және мәдени өміріне қатты әсер етті. Англиядағы ұлттық сана күшейе бастаған соң, 1362 жылы ғана сотта ағылшын тілін қолдануға рұқсат берілді. Яғни француз тілі Ұлыбританияда 300 жыл бойы үстемдік етті.

Ал XVIII-XIX ғасырларда Ресей аксүйектері мен патша сарайы француз тілін негізгі тіл ретінде қолданған. Бұл кезең шамамен 1750–1850 жылдар аралығында болып, шамамен 100 жылдай жалғасқан мәдени құбылыс. Петербург пен Мәскеудегі аксүйектер күнделікті французша сөйлеген. Балаларға француз гувернанттары сабақ берді. Хаттар мен әдебиет көбіне француз тілінде жазылды.

Тек 1812 жылғы Франциямен болған соғыстан кейін Ресейде ұлттық патриотизм күшейіп, француз тілінің ықпалы азая бастады. Сол кезден бастап аксүйектер арасында орыс тілі қайтадан негізгі тілге айналды.

Сол секілді, XVIII ғасырда 1723-1727 жылдары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» – қазақ халқының тарихындағы ауыр қасірет, Ел басына күн туған ауыр қайғылы, Ел басны күн туған ауыр қайғылы, Ел басны күн туған ауыр қайғылы Азаматтық соғыстарды көрген, 1930-33 жылдардағы қазақ халқы аксүйек болып қырылып қалған ашаршылықты, 1937 жылдардағы қанды қасапқа айналған саяси репрессияны бастан кешкен, қаһарлы Кеңес империясы тарихында ең алғаш Желтоқсан көтерілісін жасаған Қазақ ұлтының Тәуелсіздікке қолы жеткен соң саяси-рухани қайта өрлеу дәуірі аяда деп білейік.

Кейінгі кезде әлеуметтік желі қоғамымыздағы көп нәрсенің бетін ашты. Байқағанымыз, біздің бір нашар әдетіміз, «Итің жаман» десе, намыстанатын қазаққа «Қазақ – оңбаған, құрыған, құл халық» десе, былық етпегені былай тұрсын, қосыла кетіп, алға түсіп алып шаба жөнелеміз? Сонда Қазақтың ит құрлы құны жоқ па? Сонда қазақты, яғни өзімізді ит құрлы көрмей отырмыз ғой?!

Белгілі қаламгер бауырларым, сыпайы отырып-ақ сынағаны сыбағандай болатын Сыбанбайдың Сәкені мен жалындап тұрған жас жазушы Жақсылықтың Әлихан ұлттық патриотизмді рулық патриотизммен салыстыра сараптапты. Дұрыс айтады олар.

Иә, Қазақ рулардан құралады. Ал Қазақты жамандаудан жарысқа түсіп, желініп отырғандардың кез келгеніне өз руын айтып, сынап көрші, жағаннан алады, сені сол рудың жауы етіп жариялайды. Мысалы, «Қазақ құрыған ұлт» деп отырған Танагөз қарындасымыз өзінің руынан бастап «құрыған ел» деп айта ала ма, айта алмайды. Айтса, алдымен өз руластары ит қосып қуады. Ол олай айтпақ тұрмақ, өзге біреу егер солай айтса, өзі алдымен бірден қарсы шығады. Өйткені, қазақпыз ғой бәріміз. Егер қазір ақын қызды батыр қызға балап, қазағын қосыла жамандап отырғандардың кез келгенінің руын Танагөз «онбаған ру» деп жазатын болса, қазір оның жолында өлейін деп отырғандар қолында өледі...

Мұны кез келгеніңіз қазір-ақ бірден бес минутта анықтауға болады. Мен кеше маған осы тақырыпта хабарласып, екі иығынан демалып, екпіндеп тұрған замандастарымның бірін айттым: «Қазақ құрыған ұлт болса, онда сен де, сендердің руларың да құрыған ру екенсіңдер ғой, солай ма?!» – дедім. Жаны шығып кете жаздады: «Неге олай айтасың?» деп... «Енді сен өзің айттып жатқан жоқсың ба «Қазақ – құрыған ұлт» деп? Сендердің ру да қазаққа жатпай ма?» – дедім.

Жағы қарысып қалды... Демек, ұлттық санамыздың рулық санамыздан төмен болып тұрғаны рас.

Ешкім ешқашан қазақты құрайтын кез келген бір руды «құрыған ел» деп айтпайды, айта алмайды да... Ал Қазақты жамандауға келгенде жан салмайды-ау алдарына. Сонда ол рудың бәрі қазақ емес пе?! Ал қазақ деген жалпылама ұғым болғандықтан, әркім қалағанынша қазақтың үстінен айдай бергісі келеді...

Иә, Қазақ құрыған ұлт болса, онда бәріміздің руларымыз, бәріміз де құрығанбыз ғой?! Өйткені, бәріміз киіз туырлықты Қазақпыз ғой?! Осыған келісесіңдер ме?! Алдымен осыны анықтап алу керек, алаөкпе болып отырған ағайындар!

Одан кейін барып, сан ғасырлар бойы басығын өткен алапат ауыртпалығын әлемде ешқандай ел көре қоймаған, қолдан жасалған қастық пен аштықтан халқының үштен екісі қырылған, азап пен тозақтың бәрін көрген, мың өліп, мың тірілген, бірақ еш уақытта құрымайтын қасиетті Қазақ Елі туралы айтуға болады!

Бабалардың қанымен, жанымен келген қасиетті Тәуелсіздік ұғымын шыртып етпе сөзім, бір сәттік эмоцияға тәуелділіктің құрбаны етіп жіберуге болмайды!..

Иә, Тәуелсіздікті алу қандай қиын болса, сақтап қалу одан да қиын. Сол үшін барлық күшті қазақтың сенімін селдіретуге емес, қасиетті Тәуелсіздіктің мызғы-тастыруға ұлттық Рух қалыптастыруға жұмсау керек! Ол үшін Ұлттық идеологиялық концепция қабылдау қажет, терең отарсыздану саясатын жүргізу керек деп зарлап келе жатқанымызға отыз жылдан асты...

Ел аман, жұрт тыныш болсын!
Алла жар болсын Алашқа!

Қазыбек ИСА

Салтанатты шараға радио саласының ардагерлері, қазіргі қызметкерлері және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Студияның тұсаукесер рәсімінде Руслана Құдайбергенова, Сауық Жақанова, Алтын Иманбаева сынды радионың бірқатар аға буын өкілдері сөз сөйлеп, бұл бастаманың маңыздылығын атап өтті. Жаңа студия «Шалқар» радиосының 60 жылдық мерейтойы аясында, талай дикторға тәлім берген ұстаз, радио өнерінің көрнекті өкілі Мина Сейітованың жарқын есімін ұлықтау мақсатында ашылды.

Сөйтіп жаңа студиядан «Шалқар» радиосының тікелей эфирдегі оннан астам бағдарламасы тыңдарманға жол тартты. Заманауи үлгіде жабдықталған студия қабырғасына Мина Сейітованың портреті орналастырылып, интерьерде Астана мен Алматы қалаларының көрікті жерлері бейнеленген.

«Ұлттың үнбайрағы» атанған «Шалқар» радиосы қазақ руханиятындағы ерекше құбылыс деп айтуға болады. Кеңес Одағының қызыл саясаты белен алып тұрған шағында таза ұлттық арнаның, тек қана қазақ тілінде хабар тарататын, ән-күй, жыр-дастандар беретін «Шалқар» атты бағдарламаның, ұлттық радионың өмірге келуі – бұл сол тұстағы, сол замандағы ұлтын сүйген, елінің қадір-қасиетін, болашағын ойлаған ардақты аға-апаларымыздың ерлігі деп айтуымызға толық негіз бар. 1960 жылдардың ортасында Мәскеуде «Маяк», Украинада «Проминь» деп аталатын алғашқы ақпараттық бағдарламалардың дүниеге келуі қазақ халқына да өз пайдасын тигізді. Кең байтақ Қазақстанның түкпір-түкпірін орталықтан таралатын саяси-қоғамдық хабарларды айтпағанның өзінде, қазақтың әдебиеті мен мәдениеті туралы хабарлар жетпейді. Бұл да өз кезегінде сол кезеңнің көкейкесті мәселесі болып тұрған еді. Мәскеудің «Маягы» мен Украинаның «Проминь» алға тартқан Қазақ радио комитеті басшылары да Орталық Комитет арқылы Мәскеуге талай-талай хат-хабар жолдап, Қазақстанда да ұлттық бағдарлама ашудың қажеттілігін күн тәртібіне қойды.

Қазақ радиосының ардагер журналисі, «Шалқар» радиосының алғашқы редакторларының бірі Руслана Құдайбергенова апамыздың айтуынша, бұл ретте Қазақ радиосының журналисі, Ұлы Отан соғысының ардагері Мифтах Жанткин ағамыздың еңбегі зор. Көбіне сырғытпа жауаппен, келер күнінің еңісін қалдыра берген соң радио басшылығы екі тілде бірдей сөйлей алатын, жаза алатын көнігі журналист Мифтах ағамызды 1965 жылы Мәскеуге тиісті құжаттармен аттандырған екен. Әлденеше рет қатынай отырып, тіпті сонында Мәскеуде екі ай жатып, қажетті құжаттарды Қазақстандан алдырып отырып, «Шалқар» бағдарламасын ашуға бұйрық шығартып қайтқан өрinedі. Сол тұстағы Қазақстан Орталық Комитетінің, қазақ зиялыларының, Қазақ радиосы басшылығының және Мифтах ағамыздың табандылығының арқасында «Шалқар» бағдарламасы Қазақ радиосының «Соңғы хабарлар» редакциясы аясында әуе толқынына жолдана алды.

Дауылпаз диктор, Қазақстанның Халық артисі Әнуарбек Байжанбаев ағамыз 1966 жылдың I қаңтарында кешкі сағат жетіде ақпараттық-сазды «Шалқар» бағдарламасы дүниеге келгенін хабарлаған. Қазақ радиосының жиілігіне бөлек жеке арнада әзірленген «Шалқар» бағдарламасы тек қана еліміздегі ғана емес, күллі қазақ халқының ортақ жеңісі деуге болады. Өйткені «Шалқар» алдымен екі сағат қана эфирге шықса, біртіндеп уақыты ұзара келіп, тәулік бойы эфирге шыққан кездері болған. Сонымен қатар, «Шалқарды» кезінде, бүкіләлемдік Интернет байланысы жоқ заманда Қазақстаннан тыс Ресей, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан тағы басқа да шет елдердегі қандастарымыз тыңдауға мүмкіндік алды.



ҰЛТТЫҢ ҮНБАЙРАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕСКЕ КӨТЕРІЛДІ

Алматыдағы «Радио үйі» ғимаратында «Шалқар» радиосының Атолық жөндеуден өткен жаңа студиясы салтанатты түрде ашылды. Жаңа студияға қазақтың тұңғыш радиодикторы, Қазақ радиосының ардагері, КСРО-ның құрметті радисі, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Мина Сейітованың есімі берілді.

«Шалқардың» керегесін кеңейтіп, шаңырағын көтеріскен: Мифтах Жанткин, Едіге Әбдіғәпаров, Танақтан Рсаев, Бек Дәулетбаев, Кенжебек Есімов, Мадрид Рысбеков, Уақап Қыдырханұлы, Зәмзам-Шариф Тарғаев, Мансұр Сағатов, Дулат Исабеков, Досан Жанботаев, Жәніс Қашқынов, Кенесжан Шалқаров, Нұрсұлтан Әлімқұлов, Мәлік Қарағұлов, Сәрсен Оспанов, Кекілбай Нұсіпбеков, Нұрсейіт Ерубасев, Санақбай Бөлеков, Абай Өтегенов, Уәлихан Шыңғысұлы, Ахат Жақсыбаев, Қасымхан Ерсарин, Жәніс Ақпанбет, Серік Тұрғынбеков, Руслана Құдайбергенова, т.б. аттары аталған аталмаған аға-апаларымызды «Шалқар» радиосының бастауында тұрған ардагерлер деп айта аламыз. Одан бері де Қазақ радиосының құрамындағы «Шалқар» радиосының қалыптасып, дамуына көптеген ардагерлер тер төкті, еңбек етті. Тұрғынбек Шопанов, Махмет Түменбаев, Мұқай Бәйсейітов, Сағынғали Өтәлиев, Үмбет Әбназаров, Айтмұқаш Сәдуақасов, Сейітмахан Қоңқақов, Төлеу Қосанұлы, Жұмаш Ақыпбекова, Гүлсара Қабланова, Сансызбай Бидакметов, Ғалия Бакбергенова, Кенжебек Әбдімәуленов, Тілеуберді Досбаев, Көпен Әмірбек, тағы да Ғалым Есенсариев, Аманжан Еңсебайұлы, Қалқаман Сарин, Болатбек Төлепберген т.б. сынды азаматтар «Шалқарды» дүйім елге танытты, керегесін қатайтып, шаңырағын биіктетті.

«Шалқар» – алдымен бағдарлама аталса, одан кейін екінші республикалық арна, «Шалқар» ұлттық арнасы, одан кейін «Шалқар» радиосы атанды. Осы даму жолында «Шалқар» радиосы қазақтың ұмытыла бастаған жыр-дастандары мен киссаларын, әні мен күйін әуе толқыны арқылы шалқытып, елдің рухын көтерді, ұлттың түп-тамырына бойлауына жол ашты. Сол арқылы «Шалқар» қазақтың төл тарихын, шежіресін түгендеп, «өшкенімізді» жандырып, өлгенімізді тірілтіп келеді.

Бұл күнде «Шалқарды» ел тыңдаушыларының 73%-ы тыңдай алады. Бұл жұмыстар, «Шалқар» хабарларын ауыл-ауылға, шекаралас елді мекендерге тарату ісі әлі де жалғасын тауып келеді. «Шалқарды» ғаламтор арқылы дүниенің кез келген нүктесінен тыңдауға мүмкіндік те бар. Сонымен қатар бұл күнде радионы тыңдап қана қоймай, әлеуметтік желілер арқылы көруге де болады. «Шалқардың» алғашқы видеоконтенті 2013 жылдан бастап жарық көре бастаса, бұл күнде радиолардың мүмкіндігі бұрынғыдан да кеңейе түсуде. Мұндағы мақсат – «Шалқардың» құнды хабарларын тыңдайтын, әлеуметтік желілер арқылы көретін өз көрермені мен тыңдармандарына табуына мүмкіндік жасау.

2020 жылдан бері «Шалқар» радиосы бірыңғай ұлттық руханият, әдебиет пен мәдениет, дәстүрлі ән-күй, бұрынғы Қазақстан композиторларының шығармалары орындалатын және «Алтын қорымыздағы» құнды хабарлар

берілетін арна болып қалыптасты. Осы ретте «Алтын қорымыздағы» алтын дауыстар «Шалқар» радиосының да зор мақтаншы деп санауымыз керек. Ондағы қазақтың тарихы мен әдебиетіне, өнері мен мәдениетіне еңбегі сіңген бірегей тұлғалар – Мұстафа Шоқай, Әміре Қашаубаев, Латиф Хамиди, Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Күләш Байсейітова, Шәкен Айманов, Әнуарбек Байжанбаев, Шәмші Қалдаяқов, Мұқағали Мақатаев, Ермек Серкебаев, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, Зейнеп Қойшыбаева, Кәуен Кенжетөев, Ескендір Хасанғалиев, Венера Қармысова, Нұрғали Нұсіпжанов, Суат Әбусейітов, Сауық Жақановалардың т.б. дауыстары әлі талай ұрпақтың рухани қазынасы болып қала беретіндігі күмәнсіз.

«Шалқар» радиосы – талай дарынды журналистер мен дикторлардың, өнер мен сөз қадірін түсінген мамандардың шығармашылық мектебі. Бұл ортада шыңдалған мамандар қазақ журналистикасының дамуына елеулі үлес қосты. Радио тек хабар таратып қана қоймай, жаңа буын мамандарын тәрбиелеп, ұлттық журналистиканың кәсіби деңгейін көтеруге қызмет етті. Бүгінгі күнде бұл үрдіс жалғасып, жас мамандар үшін үлкен тәжірибе алаңына айналып отыр. Уақыт өзгерді, технология дамыды, ақпарат тарату тәсілдері жаңарды. Соған қарамастан, радионың қоғамдағы орны әлсіреген жоқ. Керісінше, ақпараттың жылдам ағымында адамға тыныштық сыйлайтын, ойландыратын, ұлттық тамырын байланыстыратын құрал ретінде оның маңызы арта түсті. «Шалқар» радиосы осы өзгерістер кезінде де өзінің бағытынан жаншылмай, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре білді. Бұл – ұжымның кәсіби біліктілігі мен ұлттық жауапкершілігінің айқын көрінісі.

Алпыс жылдық тарих – бұл тек уақыт өлшемі емес, ол тыңдарман хабар, миллиондаған тыңдарман, сансыз тағдырлар мен естеліктер. Радио эфирінен берілген әрбір ән, әрбір сөз, әрбір ой халық жадында сақталып, рухани мұраға айналды. Сондықтан «Шалқар» радиосының тарихы – қазақ халқының мәдени және ақпараттық даму тарихының ажырамас бөлігі.

Радио алғаш құрылған күннен бастап ұлттық өнер мен әдебиетті, халықтық мұраны, дәстүрлі құндылықтарды насихаттауды басты мұрат етіп ұстанды. Арнаның атауы - «Шалқар». Кендік пен терендікті, молдык пен рухани байлықты білдіретін бұл атау ұжым тарапынан қолдау тауып, жаңа радио дәл осы мағыналы әрі көркем есімге ие болды. Уақыт өте келе бұл атау қазақ тыңдарманы үшін ұлттық рухтың символына айналды. Бүгінде «Шалқар» радиосы елдің рухани сұранысына жауап беретін, мұзтық арна ретінде өз тыңдарманын қалыптастырды.

Арнаның басты мақсаты – қазақ халқының ұлттық және рухани

құндылықтарын кенінен дәріптеу, әдебиет пен өнердің озық үлгілерін халыққа жеткізу. «Өнерім – өмірім», «Атадан қалған асыл сөз», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алтын тамыр» сынды хабарлардан бастау алған игі дәстүр кейін «Бүгінгі әдебиет», «Ғасыр ғабраттары», «Күй-шежіре», «Сал домбыра», «Інжу-маржан», «Терме» тәрізді мазмұнды бағдарламалармен жалғасын тапты. Бұл жобалар арқылы қазақтың ән-күйі, сөз өнері, тарихи танымы мен рухани мұрасы тыңдарманға үздіксіз ұсынылып келеді.

«Шалқар» радиосының эфирінен қазақ өнерінің көрнекті өкілдерінің дауысын тыңдау – ұлттық мәдениеттің алтын қорымен қауышудан тең. «Замана бұлбұлдары», «Бізге қымбат дауыстар» айдарлары арқылы Жүсіпбек Елебеков, Жәнібек Көрменов, Жамал Омарова, Роза Бағланова сынды өнер санлақтарының мұрасы тұрақты түрде насихатталып келеді. Өнер қайраткерлерінің ұнтаспаға жазылған шығармаларын сақтау және халыққа жеткізу – арнаның мәдени жауапкершілігінің айқын дәлелі. «Шалқар» радиосы қазір ұлттық мәдениетті дәріптейтін, мазмұны терең, бағыт-бағдары айқын рухани арна ретінде тыңдарман қауымының зор ықыласына ие болып отыр. Радионың басты миссиясы – қазақ халқының ұлттық және рухани құндылықтарын сақтау, насихаттау және кейінгі ұрпаққа жеткізу.

Бүгінде мазмұнды жобалармен жалғасын тауып, ұлттық мәдениеттің алтын арнасын қалыптастырды. 2012 жылы Астана қаласындағы заманауи үлгіде салынған «Қазмедиа орталығына» көшуі шығармашылық жұмыстардың жаңа деңгейге көтерілуіне мүмкіндік берді. Заманауи сандық технологиялардың енгізілуі арнаның мультимедиялық кеңістікке бейімделуіне жол ашты. Ал 2014 жылдың ақпан айынан бастап «Шалқар» ұлттық арнасы дербес радио ретінде қайта құрылып, өз бағытын одан әрі нығайта түсті.

«Шалқар» ұлттық арнасының тағы бір маңыздылығы – хабарлардың толықтай мемлекеттік тілде жүргізілуі. Радио эфирінде қазақ тілінің табиғи тазалығы, сөз мәдениеті, әдеби нормалары сақталып, тыңдарманға үлгі ретінде ұсынылады. Бұл – мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп қана қоймай, оның қоғамдық маңызын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыс. Радио жүргізушілерінің сауатты сөйлеуі, көркем тіл қолдануы мен ұлттық сөз өрнегін сақтау дәстүрі қазақ тілінің мәртебесін көтеруге елеулі үлес қосып келеді. Бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлттық болмысты сақтау мен рухани құндылықтарды дәріптеудің маңызы арта түскен белгілі. Осы тұрғыдан алғанда «Шалқар» радиосы – халықтың тарихи жалын жаңғыртып, ұлттық сана мен мәдени сабақтастықты сақтауға қызмет етіп отырған маңызды ақпараттық-рухани алаң. Арна эфиріндегі әдеби, мәдени және танымдық бағдарламалар тыңдарманды тек ақпараттандырып қана қоймай, ойландыруға, өткенді бағалауға, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге үндейді.

Радио арқылы таралатын мазмұнды бағдарламалар, дәстүрлі музыка мен әдеби мұра үлгілері жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан «Шалқар» ұлттық арнасының қоғамдағы орны ақпарат кеңістігімен ғана шектелмей, тәрбиелік және ағартушылық мәнімен дәрескеленеді.

«Шалқар» радиосы өткен мен бүгінді сабақтастырып, болашаққа бағыт сілтеген рухани арна. Сондықтан оның тарихы мен тағылымы қазақ қоғамының мәдени дамуымен тығыз байланысты құндылық ретінде бағаланады. Ұлттық үнді сақтап, халықтың рухани сұранысына қызмет етіп келе жатқан «Шалқар» радиосының ғұмыры ұзақ, алар асуы биік болғай!

Болатбек Төлепберген,
«Шалқар» радиосының
Бас редакторы

Бұл, бір, елдің берекесі кетіңкіреп, дағдарысқа түсіп, титықтаған кезеңі-тін. Ақша жоқ. Өндіріс орындары тоқтаған, ауырлау шақ. 1998 жыл. Қыс айы. О тұстағы Қарағанды облысының әкімі Мәжит Есенбаев мұның Германияға баратын сапарында жақынырақ танысып, шаруашылығын байқап, құс ұшырғанын көріп, жылы қарым-қатынаста жүрген адам еді. Сол:

— Тәп-тәуір шаруа қожалығың бар. Үй салып алыпсың. Электр желісін тартыпсың. Бәрі жақсы. Келешекте телефон қойып берсек жағдайың, тіпті, қатып кететін сияқты. Ертендері Орталық Қазақстан өңіріне Үкімет басшысы Нұрлан Балғынбаев іссапармен соққалы жатыр. Реті келсе сол кісіні саған алып келсек қайтеді? — деді.

— Әрине! Қандай әңгіме болуы мүмкін. Әкеліңіздер!..

Бір қазан ет бар ғой үйде, әйтеуір. Несіне тартынады. Өзі салып алған жаман қорасын көрсетуден аяна ма.

Келді. Мінезі жақсы адам-ау деп қалды. Байыпты, қарапайым, жайдары жан сияқты.

Тау басынан жер қазып, шағын қойма тұрғызған. Дизельді электр стансасын орнатып үлгерген. Еңселі сауна, кең гараж бар. Бәрін аралап көрген премьер-министр:

— Осыларды жападан жалғыз істеп жүрсіз бе?! — деп таңырқады.

— Иә. Шама келгенше. Аяндап...

Қасындағы үш-төрт нөкерімен тау басына шығып, табиғатты тамашалады. Арқа қысының, азырақ салқындау демесеніз, тынысыңды ашып, көкірек сарайынды кеңейтіп сала беретін ерекше бір шипалық қасиеті бар екені рас-ау. Бас министр де өңі кіріп, желпініп, серпіліп, көңілденіп сала бергендей көрінді.

— Енді бүркітіңізді ұшырып, бір түлкі алып беріңіз. Бос қайтпайық...

— Е, оған сөз бар ма!

Бір емес, екі бүркітті қатарынан самғатты. Оның бірі — түлкі, екіншісі қоян шалды. Қолма-қол. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» дегендей, кейде ісіңіз осылай сәтімен орайласады. Үлкен үкімет адамы да, қайткенмен, дала баласы екенін аңдатып, жүзін жел қағып, кеудесін кере рахаттан күліп, шырайлы әзілге орын беріп, өте риза болып аттанды.

Ұзамай со кісінің нұсқауымен Шет ауданының орталығынан «Құсбегі» деп аталатын халықаралық орталық пен мектеп ашылсын деген қаулы қабылданған. Тілеуғабыл заңдық тұлға ретінде тіркелген бұл орындардан бөлендей пайда таба қоймайды. Дегенмен, анда-санда осының атынан ресми хат жазуға, әлдекімдерге ықпал етуге септігі тиіп-ақ тұр. Жеке есеп-шоты, мөрі бар дегендей. Тіпті, тең құқықты тұлға ретінде облыстың әкіміне де шыға аласың.

Нұрлан Балғынбаев туысканының тағы бір көңілі толған нәрсесі — Арқаның еті еді. Дастархан басында:

— Блғи байқаймын, осы өлкеде етті берекелі етіп, дәмді асады. Шынын айтқанда, бұл жақтан

Өмірде кездейсоқ ештеңе де болмайды деп жатады. Кім білсін оны.

Әйтсе де, бүркітші Тілеуғабыл Есенбекұлының өзі де көп жағдайдың күтпеген жерден орын алып, сабақтаса қиюласып жататынын өзі де талай байқаған. Мәселен, баяғыда Тасбазға сол кездегі Үкімет басшысы Нұрлан Балғынбаев келе қалды. Сарыарқаның бір түкпіріндегі аядай қыстаққа ондай биік лауазым иесінің арнайы ат басын бұруы үйге Мемлекет басшысының өзі келуінен кем оқиға емес еді.



Суретте: құсбегі Тілеуғабыл Есенбекұлының шаңырағына сол кездегі премьер-министр Нұрлан Балғынбаев келген сәт.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОНАҚЖАЙЛЫҒЫ

үлгі алатын біраз жақсылықтар бар, — деді ағынан жарылып.

Тура соғымның кезі ғой. Үкімет жетекшісі келерден үш күн бұрын ғана бір ту биені сойып тастаған-ды. Соғымы көңілдегідей шыққан. Өзі де ырза-тын.

Ас даярлаудың да мәдениеті әр түрлі. Бұл аймақтың табиғаты кейбір өзге өңірден сәл қаталырақ болғандықтан ба, мұнда, расында да, ұлттың бас мәзірі саналатын етті тартымды әзірлеудің ежелден қалыптасқан кейбір артықшылықтары болуы әбден мүмкін. Үй иесі ретінде бұл да сыйлы мейманның жылы ишаратына:

— Кез келген уақытта келіңіз, Нұреке! Есігіміз ашық, құшағымыз кең! Өзіңіздей жоғары лауазымына қарамай біздей пақырларды тең дәрежеде қабылдап, құрмет көрсете білетін жан-жүрегі таза, абзал жандарды әрдайым қуана қарсы аламыз! — деп, шын ризалық лебізін білдірді.

Иә, Тасбаз өкімет адамдарын ғана емес, адал ниет, достық пейілмен келетін кім-кімді де қол қусырып күтіп алар еді. Әрине, сыйлы қонаққа тек ет асып қана бере бермейсің; қазір қазақтың ежелгі жеңсік асы мен таңсық асының талай түрін әзірлейтіндей жағдай жоқ емес қой. Бұл жағынан зайыбы Бәтиманың өзі-ақ талай «жаналық» ашып тастар еді.

Мұндайда қиял шіркіннің жүйріктігі қандай, мезетте көз алдынан қай-қайдағы бір көріністер зулап өтеді. Баяғыда әжесі Жаңылдық өз үйінен ет ұрлап әкетіп, тау ішіне апарып, тығылып, қақтап, пісіріп жейтін бір кәрі бауқеспе ағайындарын әңгіме қылып күліп отыратын-ды. Әлгі жарықтық талай жасқа келсе

де, ескі әдетін өле-өлгенше қоя алмай кеткен сияқты. Өйткені, ұрының аты — ұры. Бірденені жымқырып, барымталап кету қанына сіңген. Тамақты да зытырып әкетіп, біреу көріп қоймасын дегендей жан-жағына алақ-жұлақ қарап, жасырынып отырып жемесе бойына сіңбейді.

Сол айтқандай, қазақтың ешкімнен тығылмай-ақ жеп, тәбетті ашып, тіл үйіретін нешекілы ас мәзірі баршылық қой. Тек бір өкініштісі, бүгінде соны көп ешкім дайындамайды. Біртіндеп ұмытылып барады. Мысалы, санай берсе, ұлттың қансоқта, ақсорпа, кимай, қарын бөртпе, салма, шыжмыж, борша деп аталатын тағам түрлері жеткілікті. Солардың бәрін ретін тауып, қайтадан жаңғыртса деп қиялдап қойды.

Ойына баяғы ескі достардың бірі Дәулет Тиыштықбаевтың өз қолымен дайындап берген «шаппа» деп аталған тамағы оралып еді. Кезінде «Ақшатау» совхозында прорабтық қызмет атқарған жігіт. Сол, жетпісінші жылдардың орта тұсы болар. Іссапармен бара қалды. Ағалың шақырымға созылып батын Қарасу деген үлкен өзендері бар екен. Дарияның әуелгі аты «Жаныс» көрінеді. Халық та ат қойғыш қой, біраз кісі батып кеткеннен кейін өзенді «Қарасу» деп атай бастапты. Сөйтіп бұрынғы атау біртіндеп ұмытылса керек. Өзеннің екі жағасы да ұзыннан-ұзақ тұтаса біткен қалың тал-шілік. Оның да арасында осы Тасбаз түбіндегі Бетқайындағыдай қоян-қарсақ жылтындап жүретінін аңдады.

Шаппа бір жарым-екі айлық марқаның етінен әзірленеді. Жұмыстың аяғында сол өзен жағына алып барған Дәулет қозыны

тал арасында үш-төрт жолдастың көзінше сойып, ішек-қарнын алып тастады да, сегіз-он келідей тартатын жас етті сүйек-мүйегімен қосып өткір балтамен кесек-кесек қылып шапты. Одан оны бір-бір шайып алды да, түгелдей он литрлік шелекке салды. Осы ет әдейі өлшегендей, ыдыстың бетімен-бет болып, тура сыйып тұрады. Су құймайды. Әрине, тиісті мөлшерінше тұз, бұрыш, пияз, көкөнісін қосады. Қайнаған уақытта бұркылдап тұрып тасиды екен. Отыз бес-қырық минут айналасында дайын болады. Енді, мұны жылтыраған сүйегін ғана қалдырып, жалап-жұқтап жеп қоясың! Дәмділігі керемет. Тәттілігі еттен де, қуырдақтан да асып түседі. Ауыздың суын ағызады.

Осы тағам түрін Дәулеттен үйреніп алған сондағы құрылысшы әзірбайжандар мен армяндар «кашлама» деп өздерінше ат қойып үлгеріп, жиі-жиі пісіре бастапты. Қатты ұнатқан сияқты.

«Өй, айтпақшы, қазір біздің шаппа солардың ұлттық тағамы ретінде аталып жүрген жоқ па екен, осы?!» деп күдіктенді. Өйткені, рас-өтірігін кім білсін, кейінде қазақтың киіз үйін де, төбет иті, қымызы, қазы-қартасымен қоса түрлі шет елдер патенттеп таратып алып жатыр дегенді құлағы шалады...

Армян демекші, тағы бірде сол «Ақшатау» совхозында Дәулеттің алдында прораб болған Завян Петросян деген жолдасының қонаққа шақырғаны бар. Үйіне. О жолы да аудан орталығынан сол шаруашылыққа жұмыс бабымен барған-ды.

— О, жақсы келдің ғой! — деп мұны көрген қатты қуанып

қалды. — Кешке қарай басшыларды шақырып отыр едім. Кісі жіберіп арнайы шақыртсам да келтіре алмайтын адамымсың. Қонақтардың ішінде боласың бүгін!..

Сырттан көшіп келгелі бері бірге қызмет атқаратын ауылдың жетекші кадрларына есік-төр көрсете алмай жүреді екен, соның сәті енді ғана түсіп жатқанын айтып жағдайын түсіндірді.

Кешкісін совхоздың директорынан бастап, парткомы, рабкомы, зоотехнигі мен бас инженері бар, жеті-сегіз адам жиналды. О замандағы елдің адамдары қандай, мұнда да бірін-бірі қағытып, аямай түйреп, іреп салып, қарқ-қарқ күліп жақсы отырған. Бір мезгілде ортаға буы бұрқырап, үйме табақ ет те келді. Іле-шала, зыр жүгіріп, сыйлы меймандарға даяшы болып қызмет көрсетіп жүрген армян жігіттері қаздай тізіле, бір-бір табаққа жеке-жеке салынған қойдың басын әкеле бастады. Сегіз қонаққа — сегіз бас!

Қазақтардың көзі тас төбесіне шығып кеткен:

— Өй, мынауың не сұмдық?!..

Сөйтсе, қазақтың құрметті адамдарына бас тартатын салтын байқаған Завян табаз қонақтарын әбден риза қылғысы келген ғой. Көрсетілетін сыйды жергілікті халықтан да асырып түсіруге ұмтылған. Совхозда не көп — құрылысшыларға сойылатын қой көп. Солардың басын жинап әкеліп, жеке қазанға пісірткен!

Қонақтарының үрейленген түрін көріп, енді үй иесінің өзі шошиын деді. Біраздан кейін ғана барып естерін әрең жинаған қазақтар мән-жайды ұқтырады:

— Уай, жарқыным, ниетің дұрыс. Бірақ сен екіншіде бүйтпе. «Қорқыт дегенде осылай қорқыт деп пе едім» дегендей, неше адам шақырсаң да, көп қазаққа бір баста жетеді. Бәріміз содан ауыз тиеміз. Зәремізді ұшырдың ғой, тіпті!..

«Білмеген у ішеді» деген осы да, қатты абыржыған Завянның сондағы қайта-қайта кешірім сұрағаны есінен кетпейді.

Өзге мәдениетке кіріруге деген талпыныс дұрыс-ақ қой. Дегенмен, қателіксіз де бола ма Қайтсін.

Сол Петросяның Роберт есімді інісі бар еді. Ол да бір елпілдеп қалған елгезек, сергек жігіт-ті.

— Қайтсем де қазақтың бір қызына үйленемін, аға! Қазақ қыздары керемет сұлу екен! — деп жүретін. Өзі де бұйра шашы дудыраған, сымбатты жігіт еді. Кейін арманына жетіп, үйленіпті. Бірақ ұзамай жол апатынан қайтыс болып кетті деп естіді. Оның келіншегінің тағдырынан бейхабар.

Е-е-е, ию-кию жалғасқан әлем ғой бұл. Дөңгеленген дүние деген де, бәлкім, осы шығар...

Дәулет дос та қазір о дүниеде. Жаны жәннатта болсын! Сондай бауырмал, адамгершілігі мол азамат еді. Завян туысқан көптен бері Германияда тұрады. Ол да қазір бірталай жасқа келді ғой; қазақтың қонақжайлығы туралы ойлайтын шығар-ау анда-санда...

Құлан САҒАТҰЛЫ,
Қарағанды облысы.

Қызылша — қауіпті дерт

Қазіргі таңдағы статистикалық көрсеткіш вакцинацияның білмеуі мен жұқтыру қаупі арасындағы тікелей байланысты көрсетіп отыр. Ауырғандардың шамамен 79 пайызы вакцинаның бірде-бір дозасын алмағандығы анықталып отыр. Сондай-ақ, 18 пайызы тек бір рет егілген, ал небәрі 3 пайызы екі дозадан тұратын толық вакцинация курсынан өткен болып отыр. Дәрігерлердің сөзінше, ұжымдық иммунитет деңгейінің төмендеуі инфекцияның жылдам таралуына тікелей себепші болып отыр.

Балалардың екпе алмауына ата-аналардың саналы түрде екпеден бас тартуы түрткі болып отыр. Мұндай жағдайлар 59 пайызды құрауының өзі қоғамның аурудан сақтануға салғырт қарап отырғандығын көрсетеді. Ал 27 пайызы — жоспарлы вакцинация жасына әлі жетпеген сәбилер болса, 14 пайызы — уақытша медициналық қарсы көрсетілімі бар балалар. Жалпы айтқанда, дерт дендеп кетпеуі үшін атқарылар іс ауқымды болып тұр.

Алматы еліміздің ең ірі мегаполисі болғандықтан, өзге қалаларға қарағанда аурудың көрсеткіші жоғары болып отыр. Жыл басынан бері аталмыш аурумен ауырған 591 науқас тіркелген. Тарқатып айтар болсақ, ең көп науқас Алатау ауданында — 239 болса, одан кейінгі тізімді Наурызбай, Бостандық және Әуезов аудандары жалғап тұр. Ауруға шалдыққан алдыңғы 89 пайызы қызылшаға қарсы екпе алмағандар. Ал 94 пайызы 14 жасқа дейінгі балаларды құрайды.

Алматы қаласының бас санитариялық дәрігері Қасымхан Алпысбайұлы қаладағы эпидемиологиялық жағдайдың күрделене түсуіне вакцинацияның жеткіліксіздігі де инфекцияның кең таралуына түрткі болған көрінеді. Ауру ошағында жедел түрде эпидемияға қарсы іс-шаралар дер кезінде жүргізілген. Қызылша жұқтырғандармен байланыста болған 6 мыңнан астам адам толыққанды медициналық бақылауға алынған. Сондай-ақ, 700-ден астам адам эпидкөрсеткішке сәйкес вакцинациядан өтті.

Осы орайда ауруға қарсы қарқынды күрес жүргізу мақсатында қала көлемінде жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда, бұл тұрғыда балаларды толықтыру мен қосымша иммундау жұмыстары да белсенді жүргізілді. Оның ішінде бір жас пен алты жасқа толған, бұрын екпе алмаған 18 жасқа дейінгі балалар және 6-10 айлық сәбилер жоспарлы түрде қосымша вакциналанды. Жыл басынан бері қала бойынша 7 мыңнан астам бала қызылшаға қарсы екпе алды. Медицина қызметкерлері тарапынан бұл бағытта тындырымды тірліктер атқарылуда. Ауруды ауыздықтау үшін жүйелі жұмыс өз жалғасын таба бермек.

Ел көлемінде орын алған жағдайға Денсаулық сақтау министрлігі де бей-жай қарамай, мүмкіндігінше аурудың алдын алуға шақыруда.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова қызылша ауруы өршіп тұрған кезеңде ата-аналардың балаларын қорғауы — кезек күттірмейтін мәселе екендігін атап айтты. Осы орайда сала басшысы вакцинацияның қауіпсіздігі мен тиімділігін атап, қызылшаның пневмонияға, нерв жүйесінің зақымдануына және басқа да асқынуларға әкелуі мүмкін екенін ескертті.

— Ана ретінде де, дәрігер ретінде де мен әрбір ата-ана үшін ең басты құндылық — баласының қауіпсіздігі екендігін өте жақсы білемін. Республика бойынша қызылша ауруының өсуі тіркелгені белгілі. Осы орайда біз бұл «қарапайым балалар инфекциясы» емес екендігін ескеруіміз керек. Қызылша — ауыр асқынуға алып баратын қауіпті әрі жұқпалы аурулардың бірі. Оның ақыры пневмония, нерв жүйесінің зақымдануы сынды және басқа да күрделі салдарға әкелуі әбден мүмкін. Әсіресе ерте жастағы балалар осал келетіндіктен, оларды мейілінше қорғауды қажет етеді, — деді ол өзінің әлеуметтік желідегі парақшасына салған үндеуінде.

Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тара-



БАЛА САУЛЫҒЫ - БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қазіргі таңда елімізде қызылша дерті өршіп тұр. Аурудың кең етек алуы көпшіліктің қалаңдаушылығын туғызып отыр. 2026 жылдың басынан бері Қазақстанда қызылшаның 1950-ден астам жағдайы тіркелді. Ауру көрсеткіші әлі де өсіп келеді, науқастардың басым бөлігін балалар құрайды. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, олардың көпшілігі қызылшаға қарсы екпе алмаған.

пынан бірқатар профилактикалық шаралар қабылданған. Ведомство басшысы балаға екпе жасау арқылы тек өз баланыңды ғана емес, өзге балаларды да қорғауға болатынын атап кетті.

Екпе — қорғандың ең тиімді тәсілі

Ауру асқынып тұрған мезетте екпе алу — аса маңызды. Мұны көпшілікке түсіндіру, екпе алуды ел арасында кеңінен насихаттау да аурумен күресте оң нәтижеге жетуге бастайтын негізгі жолдың бірі. Осы орайда мәселенің мәнісіне тереңірек үнілуге тырыстық.

Қазақстанда соңғы 8 жылда вакцинадан бас тарту жағдайлары 4,8 есе өскен. Бұл үрдіс ұжымдық иммунитеттің төмендеуіне әкеліп, қызылшаның таралуын тежейтін шараларды қиындатуда. Жұқтырғандардың 77%-ы екпе алмаған адамдар, ал олардың 55%-ында вакцина алмаудың негізгі себебі — ата-аналардың бас тартуы.

2026 жылдың басынан бері елімізде қызылшаның 4184 жағдайы тіркелді, оның 83,8%-ын 14 жасқа дейінгі балалар құрайды. Өткен аптада сырқаттану көрсеткіші алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 1,3 есеге өскен. Бұл негізінен балалардың вакцинациямен жеткіліксіз қамтылуына байланысты.

Министрлік инфекция ошақтарын оқшаулау, ауру ошағында байланыста болғандарға шұғыл вакцинация жүргізу, балаларды жоспарлы және толықтырушы вакцинациялау сияқты ауқымды эпидемияға қарсы шараларды жалғастырып жатыр. Сонымен қатар байланыста болған адамдар 21 тәулік бойы күнделікті медициналық бақылауда, ал балабақшаларда қызылша жағдайлары тіркелген кезде екпе алмаған балалардың келуі уақытша шектеледі.

Сонымен қатар барлық өңірде медицина қызметкерлері үшін вакцинамен басқарылатын инфекцияларды диагностикалау және пациенттердің клиникалық жүргізу мәселелерін бойынша 4 000-нан астам семинар өткізілген.

Қарасай аудандық көпсалалы ауруханасының отбасылық дәрігері Меруерт Өтегенова қызылшаның ең ауыр асқынулары мидың қабынуы (энцефалит), өкпе қабынуы және құлақ ауруларына әкеліп соқтыратындығын айтып дабыл қағуда. Дәрігердің сөзінше, әсіресе вакцина алмаған балаларда ауруға қарсы тұрарлық иммунитет болмайды. Жүкті әйелдер қызылшаға шалдығатын болса, ерте босану немесе түсік тастау сияқты ауыр

жағдайларға ұшырауы мүмкін. Сонымен қатар ересектерде, әсіресе созылмалы аурулары бар адамдарда, қызылша өте қиын өтеді.

— Қызылшадан қорғанудың жалғыз тиімді жолы — дер кезінде вакцина алу. Қазіргі уақытта екпені алу бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде. Вакцина екі кезеңнен тұрады: бірінші кезеңнен кейін иммунитет толық қалыптаспауы мүмкін, ал екінші кезеңнен кейін толық иммунитет пайда болады. Екі кезеңді вакцина алған балалардың ауруға шалдығуы сирек кездеседі, ал ауырған жағдайда да ауру жеңіл өтеді, — дейді дәрігер.

Қызылша — ауа арқылы жұғатын жедел вирустық инфекция болып табылады. Ауру қарапайым тұмау сияқты басталуы мүмкін. Десе де, негізгі белгілері айқын: дене температурасы 39-40 градусқа дейін көтеріледі, көз қызарады, ауыз қуысының шырышты қабатында ақ дақтар пайда болады, — деп дәрігер аурудың қалай пайда болатынына тоқталып өтті.

Маман пікірінше, аурудың төртінші-бесінші күнінде беттен бастап аяққа дейін бөртпе шығады. Инкубациялық кезеңі 7-21 күнді құрайды. Аурудың алғашқы белгілері шамамен 10 күн ішінде байқалады. Көбіне балалар ауыратындықтан, оларға аса сақ болуы қажет. Бала кезінде ауырмаған немесе екпе алмаған ересектер жұқтырған жағдайда олардың ауруы ауыр өтетін көрінеді.

— Вирус адам түшкіргенде немесе жөтелгенде ауада бірнеше сағат бойы сақталады. Сосын барып, өзгелерге таралады. Бір науқас 18-20 адамға дейін инфекция таратуы әбден мүмкін. Сондықтан қызылшадан байланыста болған жағдайда 72 сағат ішінде вакцина мәртебесін тексеру аса маңызды. Егер екпе алмаған болса, жергілікті емханаға барып вакцина алуы тиіс. Уақытылы салынған екпе аурудан қорғайды. Алмаған адамдарда ауру асқынып, энцефалит, отит, пневмония сынды ауыр дертке шалдығуы әбден мүмкін, — деп ескертті дәрігер.

— Қызылша инфекциясы көптеген жылдар бойы тек вакцинацияның арқасында бақылауда ұсталып келеді. Елімізде қолданылатын вакциналар сапа талаптарына толық сай. Сол себепті ата-аналар әлеуметтік желілердегі алысқа шапша пікірлерді тыңдап, негізсіз үрейге бой алдырмай, уақытылы екпе алса ғана ауруға қарсы тұруға болады. Жалған ақпарат жарға жығатынын жұрт білуі керек деп ойлаймын. Екпе алмаған жағдайда адам тек қызылшаны ғана емес, өзге де жұқпалы

инфекцияларды жұқтырып, өз денсаулығына қауіп туғызуы мүмкін. Ауру ауыр түрде өткен жағдайда, ағзаның қайта қалыпқа келуі ұзаққа созылады. Әсіресе балалар мен созылмалы ауруы бар адамдар үшін қауіп жоғары, — дейді Меруерт Маратқызы.

Қызылшаға қарсы шаралар күшейтілді

Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мақсатында эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық шаралар кешенін күшейтті. Аурудың таралуын тежеу үшін қосымша иммундау науқаны кеңейтілді. Атап айтқанда, жағдай тұрақталғанға дейін 6-10 айлық балаларға қосымша вакцина енгізілді. Бұған қоса, бұрын екпе алмаған 2-5 және 7-18 жас аралығындағы балаларға, сондай-ақ вакцина алғаны расталмаған 30 жасқа дейінгі медицина қызметкерлеріне толықтыру иммундауы жүргізілуде.

Эпидемияға қарсы шаралар аясында медициналық ұйымдардағы санитариялық талаптар күшейтіле түсті. Сонымен қатар ауруханаға жоспарлы жатқызу тәртібі қайта қаралды. Жалабақша, мектеп сияқты ұйымдарда ұжымдарда және өскери бөлімдерде қызылшаға қарсы екпе алмаған азаматтарды уақытша шектеу шаралары қолға алынды.

Өз кезегінде қабылданған шаралар нәтижесін беруде. Ауру көрсеткішінде аздап төмендеу байқалады. Атап айтқанда, алдыңғы аптада тіркелген 417 жағдаймен салыстырғанда қызылша деректері 311-ге дейін азайды. Яғни 106 жағдайға немесе 25,4 пайызға төмендеген. Десе де, әлі арқаны кеңге салуға негіз жоқ. Эпидемиологиялық жағдай әлі толық тұрақталған жоқ.

Сала мамандарының айтуынша, ауру жұқтырғандардың басым бөлігін 14 жасқа дейінгі екпе алмаған балалар құрайды. 2026 жылдың басынан бері ел бойынша қосымша иммундау жұмыстары жалғасып келеді. Атап айтқанда, 6-11 айлық 36,7 мың бала қосымша вакцинамен қамтылған. Сонымен қатар жоспарлы вакцинация аясында 1 жастағы 21,4 мың бала (6,7%) және 6 жастағы 17 мың бала (4,7%) екпе алды.

Бұдан бөлек, толықтыру иммундауы арқылы 18 жасқа дейінгі 8,1 мың адам вакцина егілген. Денсаулық сақтау министрлігі эпидемиологиялық жағдайды бақылауды жалғастырып, алдын алу шараларын күшейтіп отыр.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп дана халқымыз айтпақшы, екпеден бас тартып, ауруды одан әрі асқындырғанша, екпе алып, балаларымыздың денсаулығын сақтауға тырысқанымыз абзал. Себебі, дені сау ұрпақ қана кемел келешегіміздің кепілі болмақ.

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕК

Адал еңбеккер туралы сыр



бекке араласқан буынбыз. Алғашқы бірер жылғы жұмыстан соң-ақ менің мандайыма сауда саласында тексеруші, ауыл шаруашылығында есепші болып еңбек ету бұйырыпты. Алайда ел сауда мен қаржы саласында адалдық, тазалық бар дегенге оңайлықпен сенбейді. Мақтанып отыр есептеме, мен екі салада қырық жылдай еңбек еткен адаммын. Рас, қиын да өз қызығы жетерлік жұмыс. Жаңылысуға және болмайды. Артық түскен бір нөл миллион сомдық шығынға бағыруы мүмкін. Мен алайда қатты қателеспей, адал жұмыс істедім деп кәміл айта аламын. Мәселен, бірнеше жыл ревизор болғанда жүздеген жанды «жазықсыз» жазадан құтқарған, орға итермей, биікке сүйреген адаммын. Қолдан келгенше көмектестім. Халық «Ер батамен көгереди» демей ме? Токсаннан асып отырсам, мен көмектескен мыңдаған адамдардың алғыс-баталарының арқасы шығар...

Ақиықтан ашық айтап, бағаласаң да тәттісі мен ащысы тең, жақсылығы мен жамандығы кен, дос қана емес қас та болып табылатын өмір ешкімді алаламайды, іс жүзінде «нұрлы ақыл, ыстық қайрат» танытып, маздаған жылы жүрегін жылу-махаббатымен жаулап-баурап алмас сені дараламайды, жарылқамайды. Тура жүріп, кілең дұрыс алға қадам басса да, отызға іліне отбасын құрып, отыздың өрінде орда бұзған Ибрагим Нұрымбетұлы өмір талай сүріндірді. Бала шақтағы тауқыметтен кейін қиындық жолықпады деп ойлайсыз ба?

Сауда, асхана, ресторан орындарында ақ дегені алғаш, кара дегені қарғыс болып жүрген Ибрагим бір-ақ күнде жұмыстан босап, қадірсіз болып қалды. Тексерушілер мекемесінің бас есепшісі күтпеген жерден қолқа салсын: «Маған бір маңызды іссапарға бару қажет. Соған 5 мың сом бөліп, куәлік қағазға мөр басып бер.» Бас есепші бекер айтпайды. Кейін бұл ақшаны жұбатып мүмкіндігі де бар. Бірақ кері тартпалығаннан гөрі туабытты принципті ұстаған болуы керек, заңсыздыққа бара алмайтынын мәлім етті. Соны не болды, арнайы жоғары білімі жоқтығы бетіне басылып, бір аптадан соң жұмысымен қош айтысты.

Міне, солай, Ибрагим жол-дас! Бірер апта жұмыс іздегенмен, онтайына келер қызмет табылмады. Бұдан басқа жол жоқ екенін ескеріп, Шымкент қаласында жанадан ашылып жатқан бухгалтер дайындайтын курсқа түсті. Сегіз ай оқып маған есепші куәлігін алды. Қалай десек те адалдың аты арып, тоны тозбайды. Іздегенге сұраған дегендей, нақ сол кезде шалғай Қыыр Шығыстан Қазақстанға көрістер қоныс аударып жатқан. Бір шоғыр жұрты Жанақорған жеріне табан тіреп «Тақыркөл», «Сүттіқұдық» мекендеріне орныққан, жаңа ұжымшар (колхоз) ұйымдастыруға кіріскен. Біз шаруашылыққа есепші өте

жорық аяқталады. Мұның өзі — шон бір шежіре, қаһармандық дарқан дастан. Мұн сәл тиянақтап, баяндап болсақ жеке бір — мақалаға кезек береді, сондықтан тек ерекше естен кетпес ірі-ірі тұстарын атап-атап өтейікші.

Сталинград шайқасындағы жасаған ерліктері батыр сарбаз кеудесіне «Үшінші дәрежелі Даңк» ордені тағылып, жарқырады.

Осындағы жеңістен кейін неміс-фашист басқыншылары тауаны қайтып, жаппай шегінуге көшті. Курск иініндегі зор шайқас майдан тағдырындағы шешуші бетбұрыс болатын. Бұдан кейін бұрысшылар Днепр өзенінің арғы бетіне күшті бекіністер орнатып, табан тіреуге тырысты. Осы ретте Запорожье мекені үшін болған арпалыс Ибрагимнің мәңгі есінде. Кеңес әскері ірі шығынға ұшырап, майдан даласы жауңгерлер мәйітіне толса, алға баса отырып, қасақы жауды ұлы дариядан түре қуып шықты.

Кеңес одағы Батыс шекарасынан босатқан бір соғыс кезінде сержант Нұрмбетұлы қасындағы грузин офицерімен бірге тосын тосқауылға ұшырады. Ол осы ұрыс нәтижесінде «Ерлік үшін» медалын алды. Ал, бұл медаль мәртебесі анау-мынау орденнен жоғары болатын.

Алдарынан қос неміс танкісі шыға келді. Екеуі қаша жөнелмей снарядтан қалған шұқанақтарға жата қалып, олардың жақындап келгенде атып шығып астарына граната лақтырып қиратты. Іле жалынға орнаған танкілерден қашып шыққан неміс солдаттарын оқ жаудырып түгел ажал құштырды. Мұны артқы шептегі блиндажда дүрбісімен көріп тұрған генерал бұларға қатты риза болып:

— Жарайсың, қазақ жауңгері! — деп алғыс айтып, кеудесіне бірден «Екінші дәрежелі Даңк» орденін қадады. Ал, грузин офицері «Қызыл жұлдыз» орденін иеленді.

Осынау соғыстағы айқасқа қатысқан әрбір күн ерекше. Бұлардың есте қалмасы бар ма? Сондай ұмытылмас біраз күндер Румыния жерінде өтті. Азаттық алған халықтардың қуанышты алғыстары мерейінді бір өсірсе, «Будапешті азат еткені үшін» медалы ерекше бір мәңгілік ескерткіш болатын.

Әйгілі «Даңк» орденінің соңғы бірінші дәрежесін ала, Ибрагим Нұрымбетұлының қаһармандық деңгейі «Кеңес Одағының Батырымен» теңелетін еді. Алайда әскери борыштарын бостан Батыс елдеріне өтіп, 1947 жыл басында туған жеріне сау-саламат оралуы — мерейдің де, мәртебенің де көкесі-тін. Мұның өзі батыр ұланның әрқашан Алла назарында жүргенін — бір еске салса, Құдайдың да сақталсаң сақтайтынын көрсеткен...

Туған елмен табысты. Халық құрметіне бөленді. Алайда «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жойлы жүрек» жан бағып қана қоймай, жұрты алдындағы парызын одан әрі өтеуі міндет. Еңбек етуге кірісейін десе мамандығы жоқ. Ташкент теміржол техникумын аяқтай алмаған. Барып оқуын жалғастырайын десе қаржысы жоқ. Соған қарамастан жұмыс істеуге бел буды.

Соғыс жаңа аяқталса, ел есін енді жия бастаған, шаруашылық дамымаған уақытта — жаңа жұмыс орындары жоктын қасы.

Амалсыз Жанақорған ауданының атқару комитеті төрағасының орынбасары, жақын туыс апайдың ұлы-жиенге жәрдем сұрап барды. Таяуда жаңа жұмыс орындары ашылады.

Соған дейін біздің үйде тұрып, қосалқы шаруаларға, бау-бақша егуге көмектесе тұрыңыз делді. Сынағысы да келген шығар. Ибрагим үй шаруаларын тиянақты, пысық атқарып, қолынан іс келетінін байқатты. Шамасы 6 ай өткеннен кейін ол қойма күзетшілері бастығы қызметіне кірісіп, алғашқы жұмысын орындауға кірісті. Арада біраз сезгіл өткен соң екінші қызметі кіші тексерушілікке кірісті. Нешетүрлі нәубет, напандықтарға ашаршылық, алапат соғыс зардабы ұласқан соң, талапты жастардың дені орта білімге қолы жетпеген уақытта төртінші кластық білімнің маңызы өте жоғары тұғын. Бала кезінен есепке жүйрік. Техникумда оқығаны тағы бар. Сондықтан да Ибрагим тексерушілікті дөңгелетіп әкетті. Әрине, келісі басқушы — шынауы тексерушілікке жету.

Асылы, қайсы бір кәсіп, мамандықты жетік игеру үшін талаптылыққа үйренуге қоса, қабілет те аса қажет. Бұл жерде қабілеттілікті жалаң ақыл, зор күш-қайрат (еңбек) деп емес, нұрланған, рухани қуат дарыған ақыл, қайрат деп түсінсек орынды. Дұрысы — Абай айтқандай: «нұрлы ақыл, ыстық қайрат». Бұларға енді адамгершілік, махаббат — жылы жүрек бірікпесе, бәрі бекер. Міне, осындай жарық сәуле, адамшылық, махаббат пен шапағат ұштасқандықтан да Ибрагим Нұрымбетұлы жалаң тексеруші, қазымыр бағалап — жазалаушыға айналмай, нағыз адам тексеруші қамқор да әділ, азамат тексерушіге айналған еді. Міне, сондықтан да пайдакүнемдік, әдейі жемқорлық пен жаңылысуды байқамай, немесе сауаты жетпегендіктен жаңылудың ара жігін білікті ажыратқандықтан талай жас

сатушы қыздарды сотталауан, 5-10 жыл түрмеге қамаулудан құтқарып қалды. Тіпті, жүздеген қазақ қыздарын.

Нақтан бір мысал келтірсек, бұл оқиға 1951 жылы Төменарық қалашығында орын алды. Аудан орталығынан барған бір тексеруші мұндағы орталық сауда дүкеніндегі сауда балансында 24 мың сом ақша жетіспейтінін анықтапты. Бұл — ол кезде өте көп ақша. Сатушы Әйгерім деген жас қыз ең кемі 10 жылға абактыда жатуға сотталады. Сатушының мұндай қылмысқа баруы мүмкін емес. Осыны естіген Ибрагим өз бастығына кіріп, «Жас маманға обал. Мен барып тағы қосымша тексеріп қайтайын» деп ұсыныс жасайды. Бұл кезде ел жемқорлық батпағына батпағанын жақсы білетін бастық қуана келіседі. Бұл Төменарыққа барып 28 күн мұқабатта болып, жекелеген тауарлар бағасы арзан жазылып кеткендіктен үлкен жаңсақтыққа жол берілгенін анықтайды. Әйгерім бір тиын де жемеген адалдығын анықтауы, жазықсыз 10 жыл арқалаудан құтылу — зор қуаныш. Қуаныштан көз жасы тамшылаған жас қыз Ибрагимге разы болып, мың алғыс айтқан еді.

Ақсақалдың тізесі қалтырамай, тоқсанның төрінде нық отырғанын көрген бір қонақ таңданып:

— Ата, сүйегіңіз асыл болар. Мына біздер жетпістің желкесіне мінбей-ақ қалтылдай бастадық. Сіз болсаңыз: көзіңіз, жақсы көреді, сөзіңіз сұлу өрелі. Тік жүріп, нық аяқ басуыңыздың сыры неде?! — деп сұрақ қойғанда Ибрагим ақсақал:

— Сүйегіміз боркемік болмауы керек. Алайда ең бастысы — жолың да, қолың да таза өмір сүргенге не жетсін. Біз — соғыстан қайтқан кейін ең

1. Біздіңше, адамның ұзақ жасауы өзіне де байланысты. Дұрысы — адамның тағдыры, бақытты жасауы өзінің қолында. Дау жоқ, жаратушы Құдайдың құдіреті қашанда басты, бірінші орында. Өмір сүрген қоғамының рөлі де зор екені айрықша айғақ тілемейді. Аштан өлген адамдардың бәрі осал, әрекет етпеді, күреспеді деуге ауыз бармайды. Десек те абыз Абайдың мына бір айтқаны өзіне еріксіз ұйытады:

*Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Қиындықтан қалмайды ешкім сақтап.
Өзің сен, өзіңді алып шығар
Ақылың мен еңбегің екі жақтап...*

Алайда Абайдың осы айтқанына да тағы бір нәрсе жетпей тұрғандай. Игісі — оны да Абайдың өзі келесі бір шумағында толықтырады:

*Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Нұрлы ақыл, ыстық қайрат,
жылы жүрек.*

Яғни Абай анықтаған Толық адам болу үшін кісіге тек көп, мол ақыл емес, нұрлы ақыл керек, жай жойқын қайрат емес, ыстық қайрат қажет; бұған қоса «жылы, яғни мейірлі махаббатқа толы от-жалын жүрек қажет. Асыл адамгершілік, асқақ рух — рухани жан дүние де осыдан туындап, толығып, қалыптаса керек.

Сонда айтпағымыз не?! Періште болмаған, бірақ пенделіктен әрқашан биік тұрған Ибрагим Нұрымбетовтың Толық Адам — шын Жақсы кісі болғандығы, бөке алмандығы.

Ибрагимді көлеміздің ауыр балалық шағынан хабарсызбыз, балалар үйінде өткізген өмірін де жақсы білмейміз. Бұған қарамастан балалық шақтың, жігіттіктің іргетасы, ағалық кезеңінің қабырғасы, ел ағалығына көтерілген кемел кездің, одан арғы асқақ, шынайы ақсақалдықтың төбесі екеніне келіссек, тек жасы үлкендіктен келетін шындыққа кереғар оның жаман бала болмағаны, нағыз жігіт болғаны өз-өзінен белгілі.

Қарқарылының қыраны атанған Мәди Бапиұлының әдемі бір әнінде мынадай бір жолдар әлді әуенде бар:

*Жиырма бес — көк семсердің жүзі емес пе,
Қайрап ап қалың жауға сермегендей...*

Ибрагим Нұрымбетұлының 20 мен 25 жас аралығы сұрапыл соғыс өтінде өтті. 1941 жылғы 22 маусымда Ұлы Отан соғысы басталды. Мұны естіп-білген Ибрагим қалай селқос қала алсын. Ертенінде-ақ тиісті әскери комиссариатқа барып, Отан соғысына аттануға әзірлігін білдіріп, өтініш жазды. Бас хатшы Сталин арқылы Отаны үлкен әкелік қамқорлық көрсетсе, Сталин әкесін, Отанын қорғауы перзенттік парызы. Жазған өтінішін қабыл алыпты, майдандық әскер қатарына кірді. Алты ай арнайы даярлықтан өткеннен кейін қас дұшпанмен бетке-бет шайқасқа қатысты. Анау-мынау емес, осы орасан майдан тағдыры таразы басына түскен Сталинград түбіндегі айқасқа енді. Оттан ықпады, оқтан бұқпады. Ажалдан ықпаған соң өлімнің өзі шегінді, екі жақтан да он мыңдаған солдаттар мен сарбаздар ұстасқан, от пен оқ жалын-түтіннен аспан мен жер қан майданда ол жараланбады, талай фашистерді жер жастандырды. Қиын жеңіске өз үлесін қосты.

Осы Сталинград түбіндегі жеңістен басталып, 4 жылға созылып, 1945 жылдың 2 мамырындағы ұлы жеңіске Венгрия

(Продолжение, начало в 7-8 (1188-1189) номере)

Идея создания Мемориального комплекса в честь Чокана Валиханова на территории бывшей Верненской крепости (ныне район Малой станицы в Алматы) активно обсуждается научным сообществом и общественностью.

Эта локация имеет глубокую историческую связь с великим ученым: именно в укреплении Верном Валиханов проводил время между своими знаменитыми экспедициями (включая Кашгарскую), работал над научными трудами и общался с выдающимися деятелями того времени, такими как П. П. Семёнов-Тян-Шанский и Г. Н. Потанин.

Сторонники этой инициативы предлагают превратить эту территорию в полноценный туристический и научно-исследовательский кластер. Предполагается, что комплекс будет включать музейную экспозицию, посвященную жизни и экспедициям Валиханова.

Реализация проекта в Малой станице позволила бы не только увековечить память о «казахском Колумбе», но и спасти от разрушения старейший архитектурный памятник Алматы, сделав его важной точкой на туристической карте города. Ведь открытие Мемориального комплекса Чокана Валиханова на территории бывшей Верненской крепости (Малая Станица) предлагается как создание первого этнографического и военно-исторического музея под открытым небом. К тому же это место призвано стать центром изучения истории Семиречья, культуры народов Центральной Азии и памяти великого ученого-гуманиста, можно открыть образовательный центр для изучения географии и этнографии.

На данное время сохранились фрагменты вала, казарм и исторические здания в Жетысуском районе, которые нуждаются в радикальном восстановлении и реставрации. Изначально крепость состояла из земляных валов, рва, конюшни, арсенала, госпиталя и караульного дома и называлась Заилийским укреплением.

Верненская крепость является местом рождения города. Сохранившиеся объекты, такие как валы и остатки строений, признаны памятниками истории, но долгое время находились в запущенном состоянии.

Для сравнения: в настоящее время в Алматы объектов памяти великого ученого немного — в городе функционирует сквер имени Ч. Ч. Валиханова с памятником ученому в «Золотом квадрате» (ул. Шевченко и ул. Валиханова), улица имени Ч. Валиханова и Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова. Музея нет.

Мы поговорили об идее воздвижения «Мемориального комплекса в честь Ч. Ч. Валиханова» в Малой Станице с основным ее инициатором, ученым-тюркологом, писателем и исследователем

географии ученого, его трагического финала. Являясь во многом первооткрывателем и систематизатором знаний о культурах народов Центральной Азии в XIX веке, Валиханов осмысливал и

О НЕОБХОДИМОСТИ ВОЗДВИЖЕНИЯ МЕМОРИАЛЬНОГО КОМПЛЕКСА Ч. ВАЛИХАНОВА В АЛМАТЫ

фольклора **Кайратом Жанабаявым.**

— **Кайрат Едилбаевич, какие конкретно исторические факты связывают Ч. Валиханова с казахской крепостью Верный?**

— Путь Ч. Ч. Валиханова и на Иссык-Куль, и в Кульджу, и в Кашгарию, все открытия ученого, прославившие казахский и кыргызский народы в мировой истории и географии, начались именно с казахского укрепления Верное. В крепости Верный, основанной в 1854 г. казаками Семиречья, начиная с 1856 г., для проведения своих научных и военных экспедиций, всегда останавливался выдающийся казахский ученый, географ с мировым именем, фольклорист Ч. Ч. Валиханов. Известно, что ученый открыл миру не только страну Кашгарию и Западные области Китая, но великий эпос кыргызского народа «Манас». Он записал и перевел наиболее ценные для науки отрывки этого ныне всемирно известного сказания.

Тут необходимо сказать и печальное: именно из этой крепости, больной и выбившийся из сил после кровавого Ташкентского похода полковника Черняева,



включал в мировую научную традицию элементы их культурного наследия.

— **Какие ваши предложения и где вы их озвучили?**

— В социальных сетях, в СМИ, в частности, была опубликована моя статья в журнале «Мысль», а также провели мероприятия. В прошлом году в связи с юбилеем великого сына казахского народа Ч. Ч. Валиханова (1835–1865) — нашей бесконечной национальной славы и гордости идею возвести Мемориальный комплекс в честь Ч. Ч. Валиханова я озвучил на VI Международном форуме сближения культур Евразии на тему «Философия осознанной взаимозависимости», который



памяти всемирно известного казахского ученого — фольклориста, географа, историка, этнографа и писателя — возвести Мемориальный комплекс в честь Ч. Ч. Валиханова. Требуется также установить на входе в комплекс мемориальные таблицы с именами Ч. Ч. Валиханова, Г. Н. Потанина, Абдрахмана Ускенбаева (сына Абая, который служил и умер в этой крепости), Омара Сулейменова (офицера конной казахской милиции, отца Олжаса Сулейменова), Дм. Фурманова и И. В. Панфилова, а также — имена алашординцев, участников мятежа 1920 г. в Верном.

Поэтому мы призываем реконструировать и законсервировать как историческую достопримечательность Верненскую крепость и примыкающие к ней строения и пространства, где часто бывал Чокан Валиханов и другие деятели культуры Казахстана. В том числе в Малой станице жил отец Олжаса Сулейменова, офицер казахского кавалерийского полка, репрессированный в 1936 году. Г. Н. Потанин, А. Ускенбаев (сын великого поэта Абая, который служил артиллеристом в крепости Верный и умер в ней в 1895 г.).

— **В каком состоянии находится ныне бывшая крепость?**

— 28 января 2025 года, я и мои единомышленники: писатели, краеведы, общественные деятели, представители Ассамблеи народа Казахстана и известные журналисты посетили одно из старейших исторических мест родного города, любимой нашей южной столицы — крепость XIX века, Верный. Крепость находится в бывшей казахской Малой Станице, откуда и начался наш город,

Большая Станица. Город наш, как писал сам Ч. Ч. Валиханов, стоит на месте «древнего городского поселения Алматы».

Положение там сейчас очень плачевное: все бывшие военные помещения и хозяйственные здания, стены крепости, места, предназначенные когда-то для конюшен, для артиллеристов, артиллерийские склады и казармы — все разрушено и сейчас уничтожается под корень. Но все это сейчас имеет большую историческую и культурно-этнографическую ценность, сообщающую нам о бывшей исключительной важности этого уникального места для нашей науки.

Да, сейчас это историческое и культурное место города не только пришло в страшный упадок, в запустение, но самым варварским образом уничтожается, с каждым днем разрушается. Теперь здесь горы строительного мусора, много машин непонятных организаций, краны, экскаваторы, бульдозеры. Кругом строительный мусор, кучи гравия, песка, цемент, грязные баллоны, арматура, лужи мазута и масла, а на месте бывших казарм — огромные котлованы, ямы: не прекращаются эти разрушительные работы, уничтожая культурный слой, а ведь по нему надо изучать историю родного города, Родины, великие имена. Такие, как Ч. Ч. Валиханов, Г. Н. Потанин, А. Ускенбаев (сын великого поэта Абая, который служил артиллеристом в крепости Верный и умер в ней в 1895 г.).

— **Известно, что Ч. Валиханов внес неоценимый вклад в изучение истории, культуры и географии Кыргызстана.**

— Да, свое первое путешествие на Иссык-Куль Ч. Ч. Валиханов начал в мае 1856 года, выйдя из укрепления Верное. Он писал: «Мы имели честь участвовать в этой экспедиции и, находясь два месяца среди киргизов, успели собрать разные положительные сведения, преимущественно изучая их предания и язык».

От этого короткого отрывка веет таким свежим чувством любви молодого ученого к кыргызскому народу и к его культуре, и такой энергией исследователя, что читателю верится: эта первая научная экспедиция двадцатилетнего ученого оставила самый яркий след в его научной биографии. И совсем не случайна здесь эта вдохновенная запись: «Мы имели честь!».

К слову сказать, результаты этой первой в жизни экспедиции Ч. Ч. Валиханова произвели сильное впечатление на ученый мир России и Запада, тут же заговоривших о Чокане как талантливом, глубоком ученом-исследователе. Ведь им впервые в науке были описаны и богатейшая флора, и фауна Семиречья, и древние памятники культуры Жетысу.

Он первый изучил эпиграфику и произвел точные зарисовки древних каменных изваяний. Важно, что он как этнограф подробно описал жизнь племен Иссык-Куля и Тянь-Шаня, аул кыргызов, первый сделал записи древних эпических сказителей ырчы, в числе которых и впервые записанный, ныне всемирно известный эпос, а вернее — отрывок из великого «Манаса» — «Смерть Кукотай-хана и его поминки». К этому отрывку он приложил и свой перевод. Им высоко оценен и сам памятник как великое творение кыргызского гения мирового значения, поэтому он и назвал его «Степной Илиадой».

Дастан ЕЛДЕС
(продолжение в следующем номере)



Верненская крепость.

Ч. Ч. Валиханов отправился в свой последний путь, в Алтын-Эмель, в свое великое историческое бессмертие. Об этом сообщает А. Х. Маргулан.

Изучение материалов о крепости важно для восстановления подробностей не только научной и военной, но и личной био-

прошел в декабре 2025 г. в Caspian University.

Привлекая внимание научной и культурной общественности и акимата города Алматы, всей творческой общественности Республики Казахстан к этой актуальной проблеме, мы проводим идею об увековечении



Глава государства на III республиканском форуме депутатов маслихатов всех уровней высказался о новациях в проекте Конституции Казахстана, передает NUR.KZ со ссылкой на Акорду.

«Важной новацией считаю запрет на право быть избранным в отношении коррупционеров, даже если их судимость была погашена или снята.

Принципам справедливости также всецело отвечают гарантии неприкосновенности жилища. В проекте Конституции черным по белому написано, что никто не сможет лишиться человека жилья или выселить из него без соответствующего судебного решения.

Отдельной статьей в Основном законе, чего никогда не было прежде, закрепляется институт адвокатуры, внедряется так называемое правило Миранды. Это усилит гарантированные государством права человека на судебную защиту и получение юридической помощи.

На конституционном уровне предлагается закрепить право на неприкосновенность частной жизни. Речь идет не только о тайне личных вкладов и сообщений.

Конституционной защитой предлагается обеспечить тайну банковских операций и персональных данных, что актуально с учетом стремительного развития цифровых технологий и финансового сектора», - отметил президент.

Токаев подчеркнул, что Казахстан планирует зафиксировать на высшем конституционном уровне гарантии защиты персональных данных и цифровых прав.

«В качестве конституционного принципа деятельности государства впервые определяется развитие науки и образования, культуры и инноваций. Критически важное значение имеет положение о светском характере государства, в частности, системы образования.

Наша страна обладает большим потенциалом, чтобы стать центром притяжения талантов и инвестиций со всего мира. Это важная часть работы по совершенствованию качества человеческого капитала.

Поэтому впервые предложено закрепить на уровне Конституции защиту интеллектуальной собственности, что позволит придать новый импульс развитию креативной экономики», - обратил внимание президент.

По его словам, особую силу имеет норма, прямо запрещающая придавать законам обратную силу, если это ухудшает положение человека или возлагает на него новые обязанности.

«Тем самым будет сформирована стабильная, предсказуемая правовая и инвестиционная среда, в которой гражданин защищен и может уверенно планировать свою жизнь и предпринимательскую деятельность», - пояснил он.

Также президент напомнил, что предлагается установить специальный правовой режим для отдельных территорий и «городов ускоренного развития».

«В связи с этой нормой появились сообщения об опасности нарушения территориальной целостности страны. Такие серьезные обвинения исходят от юридически безграмотных людей, которые даже не удосужились изучить мировой опыт.

Кстати, это касается и стений по поводу якобы снижения статуса русского языка в проекте



«НИКОГДА НЕ БЫЛО ПРЕЖДЕ»:

Токаев высказался о новой Конституции Казахстана

Новой Конституции. Забавно читать подобного рода статьи с многочисленными стилистическими и грамматическими ошибками, их авторы радуют за русский язык, а сами толком его не знают.

Между тем сам факт опубликования текста Новой Конституции на казахском и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу, в качестве официального документа говорит о многом и в комментариях и, тем более, в оправданиях не нуждается», - заявил Токаев.

Также президент отметил, что равным образом нет никакой надобности устраивать истерики по поводу якобы приниженого статуса казахского языка.

«В проекте Новой Конституции четко записано: «Государственный язык Республики Казахстан - казахский язык».

И в этом качестве наш родной язык уверенно покоряет не только литературные высоты, но и обретает популярность во всех сферах общественно-политической жизни страны, и, что особенно важно, стал модным в молодежной среде. Другими словами, перспективы казахского языка вполне радужные.

А те, кто якобы переживают за его судьбу, на самом деле используют данную тему в качестве политической ниши или цели.



количество обращений достигло двенадцати тысяч.

Хочу особо отметить, что обсуждение проекта Основного закона шло более полугодом с широким освещением в СМИ. О глубокой вовлеченности общества в этот процесс говорят многочисленные отклики и мнения граждан, направленные на платформы eGov и eOtinish. Число просмотров прямых трансляций заседаний Конституционной комиссии в социальных сетях превысило миллион», - заявил

продолжит свое поступательное развитие и вскоре займет свое место среди самых передовых стран мира.

Тогда вы сможете с гордостью сказать: «Я лично участвовал в преобразованиях, благодаря которым моя Священная Отчизна достигла таких вершин». Уверен, будущие поколения будут благодарны вам.

Активное участие в референдуме - проявление неравнодушного отношения к судьбе своей страны. Ваш голос в этот важный



Казахская молодежь отличается способностью к быстрому восприятию прогресса. Ей вполне по силам владеть тремя-четырьмя языками, включая казахский и русский. Собственно говоря, это уже происходит повсеместно и в широких масштабах», - заявил президент.

Токаев отметил, что от граждан поступило около четырех тысяч предложений.

«Из них только около пятнадцати процентов затрагивали деятельность Парламента, все остальные непосредственно касались различных аспектов объемной конституционной реформы. Впоследствии, уже в рамках работы Конституционной комиссии,

Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства также отметил, какие перспективы открывает новая Конституция.

«Наша Новая Конституция открывает путь для технологического прогресса, развития искусственного интеллекта и тотальной цифровизации, способствует тому, чтобы наша Родина стала Справедливым и Процветающим государством.

Мы - мирная страна. Бирюзовый паспорт Казахстана хорошо знают и уважают в мире, а наших граждан везде встречают с теплом и радушием.

Сегодня свыше 90 тысяч молодых казахстанцев беспрепятственно получают образование за рубежом. Мы живем в стране, которая предоставляет огромные возможности каждому, и предстоящий референдум - еще одна такая уникальная возможность.

15 марта каждый наш соотечественник сможет вписать свое имя в летопись достижений Казахстана. Это поистине исторический момент, свидетелями которого выпадает быть не каждому», - заявил Токаев.

После президент обратился к молодежи Казахстана.

«Хочу обратиться ко всем гражданам, особенно к молодым соотечественникам. Данный проект Новой Конституции адресован, прежде всего, вам. Вы получили редкий шанс отдать свой голос на референдуме и, тем самым, стать сопричастными к судьбе нашей родины. Другими словами, вы сможете вписать свое имя в историю Казахстана как творцы его Основного закона. Пройдут годы, а Казахстан благодаря обновленной Конституции

день - это возможность лично участвовать в построении светлого будущего своей Родины.

Великий Абай говорил: «Адамның адамшылығы істі баптауынан білінеді» («О достоинствах человека суди по тому, как он начал дело»). Будучи сплоченным народом, мы взяли на себя важную и ответственную миссию, а самое главное, что нами движут благие помыслы.

Ваши голоса - это акт ответственного, созидательного патриотизма, вашей гражданской зрелости и заботы о будущем страны. Современный Казахстан выгодно отличается от многих стран своей экономической устойчивостью, политической стабильностью, уважительным отношением к различным религиозным и культурным традициям. Мы выступаем за развитие межрелигиозного диалога, соблюдение международного права, мирное сосуществование, нераспространение ядерного оружия, укрепление мер доверия и безопасности.

Все намеченные нами реформы принесут реальные плоды, так как они осуществляются во имя будущего страны. Нам доверены бескрайние просторы Великой степи, которую наши предки отстаивали силой своего оружия и величием духа.

Мы верим, что подрастающее поколение будет жить в Справедливом и Процветающем Казахстане. Мы приложим все усилия для того, чтобы воплотить наши планы в реальность. Я глубоко верю в созидательную силу нашего народа и высокие устремления молодежи. Наступило время сплотиться и самоотверженно трудиться ради достижения общей цели.

Призываю всех преданно служить интересам нашей Родины! Пусть мир и согласие царят на нашей земле!» - заключил президент.

Виктор НИКОЛАЕВ

Президент подчеркнул, что граждане Казахстана в любой точке мира всегда могут рассчитывать на поддержку своего государства. В качестве примера он привел недавнюю критическую ситуацию на Ближнем Востоке, где в невольными заложниками конфликта оказались паломники, туристы и предприниматели.

По словам Главы государства, сразу после начала эскалации он направил личные послания лидерам стран региона и провёл переговоры с руководством Катара, ОАЭ, Бахрейна, Омана и Саудовской Аравии. Было дано поручение организовать оперативную эвакуацию соотечественников, а также взять под охрану все объекты жизнедеятельности и критической инфраструктуры на территории страны, перевести на боевое дежурство Вооружённые силы и правоохранительные ведомства.

На базе МИДа был создан специальный штаб, в который вошли представители всех ведомств. К работе подключились авиаперевозчики, туристические компании, а также добровольные спонсоры. Штаб работал круглосуточно, выстраивая безопасные маршруты эвакуации наших граждан.

«В условиях перекрестных атак баллистическими ракетами и беспилотниками по военным и гражданским объектам, в том числе аэропортам, воздушное пространство многих стран региона было закрыто. Поэтому в ряде случаев приходилось перемещать наших граждан по земле на территории других государств, где их встречали дипломатические и консульские работники для отправки самолетами в Казахстан. Из Ирана эвакуация шла по суше – через границу с Азербайджаном, Арменией и Туркменистаном. Наши посольства были на постоянной связи, предоставляли гражданам всю необходимую помощь и консультации. В резуль-

Это простая аксиома проявилась в войне на Ближнем Востоке, когда Казахстан, используя свои дипломатические связи (вот где пригодились хорошие отношения со всеми странами региона!), быстро, не афишируя, удачно, часто – бесплатно (!) стал вывозить своих граждан из зоны боевых действий.

Это так ценно в смертельной опасности, когда сотни тысяч людей застряли в аэропортах, портах, ожидая «лётной погоды», вынужденные ночевать в подземных паркингах, без еды и денег, а в это время граждане Казахстана в Дубае поблагодарили живущих там казахстанцев и консульство нашей страны за организацию питания и проживания.

Надо ли говорить, насколько взлетел рейтинг нашей страны, бирюзовый паспорт и флаг небесного цвета в глазах тысяч иностранцев, которые в буквальном смысле пожалели, что они – не граждане Казахстана: «Мама, почему я – не казах?!», как сказал один россиянин в Катаре.

Россиянин отметил, как слаженно эвакуируют наших граждан, и посетовал на то, что «немножко чувствует себя заключённым» и с белой завистью заявил: «Гражданам Казахстана посольство делает визу в Саудовскую Аравию и завтра вывозит всех на автобусах (это порядка 22 часов в



Токаев - об эвакуации казахстанцев из стран Ближнего Востока

Глава государства заявил, что защита казахстанцев за рубежом является незыблемым принципом госполитики Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев прокомментировал эвакуацию соотечественников из стран Ближнего Востока, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на Акорду.



тате этой очень сложной работы из зоны боевых действий в Казахстан было оперативно вывезено

около 9 тысяч человек. И эта работа продолжается», – пояснил Президент.

В результате, на эти слаженные действия обратили внимание и за рубежом.

«Даже в мирное время подобные меры требуют огромных организационных усилий, а на фоне войны – сложность и значение такой работы кратко возрастает. Не будет преувеличением сказать, что успешное прохождение подобного стресс-теста укрепило авторитет Казахстана на международной арене. Хочу вновь выразить признательность лидерам ближневосточных государств за организацию «зеленых коридоров». Благодарю сотрудников наших государственных органов, авиакомпаний и всех, кто помог в эвакуации соотечественников», – отметил Президент.

Также он подчеркнул, что Казахстан никогда не бросит на произвол судьбы своих граждан,

какая бы ситуация ни была и где бы она ни происходила.

«Так было в период пандемии, когда государство спецбортами эвакуировало из разных точек планеты тысячи граждан. Так государство действовало и в других критических ситуациях за рубежом. Во время чрезвычайных происшествий внутри страны, будь то техногенные аварии, паводки, пожары и другие бедствия, от которых, к сожалению, никто в этом мире не застрахован, наше государство также никого не оставило наедине с трудностями и всем гражданам оказало помощь, как и было обещано мной», – сказал Касым-Жомарт Токаев.

По его словам, паспорт Казахстана становится символом реальной защиты гражданина.

«Своих не бросаем» – это не лозунг, не популизм, а принцип нашей государственной политики. Поэтому закономерно то, что данный принцип в усиленном варианте нашел свое отражение в проекте новой Конституции. Там четко сказано: «Республика Казахстан гарантирует своим гражданам защиту за ее пределами в соответствии с законом». Все соотечественники должны знать: обладатели бирюзового паспорта нашего государства всегда и везде находятся под защитой. Мощь нашего паспорта определяется силой государства, созидательной энергией народа, способностью воспринимать прогрессивные идеи, рождающиеся в современном мире», – заключил Глава государства.

Дана АМЕНОВА

ГОСУДАРСТВО познается в беде



пути), дальше им предоставляют бесплатный перелет в Алматы. А еще им на карту отправляют по 35 долларов. А у нас: НИ ЧЕ ГО. Но мы не унываем. Верим в лучший расклад».

Государство познается в беде – это не метафора, а тревожная правда в воюющем, бушующем, рассыпающемся мире, когда твоя жизнь зависит от мгновенной реакции государства, способного защитить тебя в опасной ситуации.

Например, единственный в регионе Казахстан был приведен в полную готовность сразу в первый же день войны в Иране, президент Касым-Жомарт Токаев поручил Совету безопасности перевести силовые ведомства на круглосуточный режим работы, МИД создал мониторинговую

группу для анализа ситуации вокруг Ирана.

Правительству поручено разработать план экстренных мер на случай угроз стабильности в стране. В итоге власти заявляют о готовности оперативно реагировать на возможные риски, в первую очередь – в каспийском регионе. Государство дало понять, что готово защитить граждан и в военных условиях.

Это своевременная реакция государства, особенно с учетом факта атаки 4 дронов в Азербайджане, из которых лишь один был сбит. В нынешней военной ситуации никакое государство не застраховано от провокаций и гибридных атак, к которым надо быть готовым.

Мир стремительно возвращается к первичной формуле: право подтверждается мощью. Можно спорить о мотивах Вашингтона, можно критиковать политику Тегерана, но главный вывод очевиден – в эпоху мировой турбулентности выживают только те государства, которые заранее позаботились о своей обеспеченной устойчивости, в то время как остальные могут стать объектами чужих стратегий. В самом деле, устойчивость государства зависит от их внутренней устойчивости, единства и крепости во всех отношениях, и это невозможно, если нет единства власти и народа, государства и общества.

Казахстан оказывается на передовой новой геополитической реальности. Без консолидированной власти в Иране регион рискует столкнуться с волной нестабильности, которая не признает границ и требует от Астаны предельной дипломатической гибкости в условиях глобального шторма.

Вспомним также, как во время масштабных паводков весной 2024 года в Казахстане государство оказало экстренную помощь: более 36 тысяч семей получили единовременные выплаты (100 МРП), а около 22 тысяч семей – компенсации до 150 МРП за утраченное имущество. Проводилось массовое возмещение и стро-

ительство жилья. Такой практики нет даже в богатых США – после разрушительных лесных пожаров в Лос-Анджелесе (январь 2025 года) многие пострадавшие жаловались на серьезные трудности с получением денежной помощи и компенсаций.

Государство реально показало себя в экстремальных ситуациях на высоком уровне – мы все люди и знаем не понаслышке, что значит своевременная помощь в трудных жизненных обстоятельствах, будь это природная катастрофа, будь это чрезвычайные ситуации за рубежом, будь это угрозы и риски для государственной безопасности и для граждан. И мы должны уметь такое ценить и отдавать должное.

Государство показало себя, что оно не оставит своих граждан в беде, что особенно важно в наше опасное во всех отношениях время, когда наступила эпоха всевозможных войн, конфликтов и природных катастроф, когда сам баланс жизни оказался под угрозой по вине человека.

И народ должен показать свое единство и всеобщую ответственность за судьбу страны – как сказано в новой Конституции: «Мы – единый народ Казахстана, укрепляющий государственность на исконной казахской земле», которую надо поддерживать во имя будущего Казахстана.

Дастан ЕЛДЕС

**Дорогая нефть, беженцы
и риски для экономики**

Эскалация ситуации вокруг Ирана за последние дни перешла в фазу открытых ударов по военной и ядерной инфраструктуре и ответных атак по объектам союзников США и Израиля. Конфликт быстро перестал быть локальным и начал затрагивать ключевые маршруты мировой торговли, включая Ормузский пролив, через который проходит значительная часть глобальных нефтяных потоков. На фоне угроз ограничения судоходства и ударов по инфраструктуре стран Персидского залива растут цены на нефть, и усиливается нервность на финансовых рынках.

Для Казахстана ситуация выглядит двойственно: дорогая нефть поддерживает бюджет и сырьевые компании, но логистика и региональная безопасность оказываются под давлением. О рисках и сценариях развития событий в интервью SHYNDYK.KZ рассказал политолог, президент Coventry University Kazakhstan Мирас Дауленов — специалист по международному праву, ранее занимавший позицию вице-президента ассоциации по Западной Азии, включая иранское направление.

С чего всё началось и что происходит сейчас

В конце декабря 2025 года в Иране начались массовые протесты, причиной которых стали глубокие социально-экономические проблемы, в том числе падение национальной валюты, рост инфляции и неудовлетворённость существующим политическим режимом. Волны недовольства переросли в масштабное народное восстание, которое к началу января 2026 года охватило все провинции страны (31 регион).

8-9 января прошла «резня» в городах Рашт и Фардадис, когда вооружённые силы Ирана открыли огонь по протестующим, что привело к сотням, а по некоторым оценкам — тысячам жертв. Ранее Иран уже применял тотальные отключения интернета и жёсткие репрессии для подавления протестов, что вызывало международную критику.

Ситуация усугубилась в феврале 2026 года на фоне напряжённости вокруг ядерной программы Ирана и переговоров с США. США и Израиль 28 февраля 2026 года начали совместную масштабную военную операцию против Ирана. Она получила кодовое название Operation Epic Fury (Эпическая Ярость) и включала авиаудары по многочисленным военным, ядерным объектам и ключевым структурам режима.

В результате атаки были нанесены серьёзные повреждения объектам в Тегеране и Натанзе, а также был убит Верховный лидер Ирана, аятолла Али Хаменеи, занимавший данный пост с 1989 года. Эта новость стала поворотным моментом: гибель такого лидера вызвала глубокий шок внутри страны и усилила международное внимание к конфликту.

В ответ Иран неоднократно поражае военную инфраструктуру союзников США на Ближнем Востоке и запускал ракеты по позициям Израиля и США, в том числе по авиабазам в Бахрейне. Война переросла в региональное противостояние: удары фикси-



СИТУАЦИЯ В ИРАНЕ: ЕСТЬ ЛИ РИСКИ ДЛЯ КАЗАХСТАНА?

руются от Персидского залива до Ливана и Ирака. Международные военно-морские силы ЕС перевели свои части в состояние повышенной готовности из-за угрозы безопасности на море.

Иранские военные и Корпус стражей исламской революции заявили о ракетных и беспилотных атаках по объектам в Саудовской Аравии, Кувейте, Дубае и других странах региона.

Из-за военных действий в Иране были сообщения о значительном количестве жертв среди гражданского населения, включая детей — подтверждения надёжных данных ограничены из-за отключения интернета.

Региональная опасность

Конфликт вызывает беспокойство в ООН и у международных лидеров, которые призывают к деэскалации, чтобы избежать дальнейшего расширения войны.

С начала конфликта цены на нефть резко выросли на мировых рынках из-за риска закрытия стратегических морских путей. Ормузский пролив, через который проходит значительная часть мировых поставок нефти, находится под угрозой блокировки, что усугубляет экономическую неопределённость.

Военные действия нарушили международные логистические цепочки, в том числе авиаперевозки и торговлю. Многие государства региона, включая Францию и Германию, рассматривают своё участие в защите стратегических интересов.

По мере эскалации конфликта усиливается давление на мировые рынки, что отражается на энергетическом секторе и стоимости продовольствия. Эксперты считают, что конфликт может длиться значительно дольше, чем первоначально предполагалось, при этом возможны дальнейшие наземные операции.

В регионе Персидского залива страны усиливают меры



безопасности, дипломатический персонал частично эвакуируется, а авиакомпании корректируют маршруты. Уже фиксируются отмены и переносы рейсов, включая направления в Дубай и Катар, что напрямую затрагивает Казахстан.

Конфликт не выглядит краткосрочным. Даже если удары останутся в формате воздушно-морских операций, они уже меняют баланс безопасности в регионе. Возможность наземной операции обсуждается экспертами, однако ряд стран демонстрирует осторожность в вопросе расширения участия.

Нефть, логистика и риски для Казахстана

По словам Мираса Дауленова, ситуацию необходимо рассматривать не только как военный эпизод, но и как фактор системной дестабилизации региона, соседнего для Казахстана.

«Что касается ситуации в Иране, для Казахстана риски есть, потому что это наши соседи, это дестабилизация региона однозначно. Очевидно, что Иран будет держаться до последнего, и система управления, которая есть в Иране, которую США и Израиль намереваются сломать, так про-

сто не сломится. Сейчас в Иране будут выборы нового аятоллы, их вообще 88 аятолл, которые будут выбирать. Надо понимать, что эта система выстраивалась в Иране годами, десятилетиями, и её не просто так сломать», — отмечает Дауленов.

По словам эксперта, ситуация вокруг Ормузского пролива уже оказывает влияние на рынки и на казахстанские компании. Иран — один из значимых игроков на энергетическом рынке. Помимо собственного экспорта, его география делает страну стратегическим контролёром ключевого морского коридора — Ормузского пролива. Любая угроза проходу танкеров автоматически закладывается в цену нефти. Уже сейчас нефтяные котировки демонстрируют рост. Это отражается и на казахстанских компаниях: акции «КазМунайГаза» на фоне ближневосточной напряжённости показали резкий подъём.

«Второй момент — Иран большой поставщик нефти, и там есть Ормузский пролив, который уже блокируется, а это одна пятая всех нефтяных потоков. С одной стороны, да, это меняет цену на нефть — вот вчера акции «КазМунайГаза» на 12% взлетели за счёт этого. И цена золота за унцию тоже взлетела. Весь мир завязан

на нефти. Если нефтяные поставки ограничатся, всем несладко будет. Казахстану с точки зрения стоимости нефти это классно, но с другой стороны мы видим, что логистические вещи у нас сейчас парализованы: мы не можем лететь в Дубай, Катар. Идут военные действия, и как долго это будет продолжаться — большой вопрос. Возможно, это перерастёт в наступательную сухопутную кампанию, но США очень не хотят наступательных движений они хотя бы только воздушно-морской атаки», — говорит эксперт.

Однако дорогая нефть — это не только дополнительные доходы бюджета. Это рост стоимости топлива, перевозок и, в конечном итоге, большинства товаров и услуг. В цене практически любого продукта есть логистическая составляющая, а значит — и цена топлива.

«Цены на нефть будут взлетать, потому что через Ормузский пролив проходит значительная часть поставок, и это может повлиять. Плюс ракеты направляются на Саудовскую Аравию, Объединённые Арабские Эмираты, и это тоже может повлиять на добычу нефти. Чем меньше добычи, тем выше цена. Высокая цена для бюджета Казахстана — это хорошо, но для стоимости товаров — это дороже. Практически в любом товаре есть цена нефти. Вам привезли молоко — в этом молоке есть цена бензина в автомобиле, который его довёз. Это повлияет на стоимость товаров и услуг», — отмечает эксперт.

Если нефтяные поставки будут ограничены, глобальная инфляция может ускориться. Для Казахстана это означает двойственный эффект: укрепление нефтяных доходов и одновременное давление на внутренние цены. Дополнительный риск — транспортный.

Кроме экономики, политолог обращает внимание и на фактор региональной безопасности.

«Есть моменты, где нам стоит самим задуматься, потому что для нас важна безопасность региона. Сейчас многие страны — Турция и другие — выступают с заявлениями, потому что они соседние. У нас с севера есть определённые ситуации, теперь и с юга. Это опасная региональная обстановка для Казахстана, мы же в центре всего находимся», — подчёркивает Мирас Дауленов.

Отдельная тема — гуманитарные последствия

«Беженцев может и не быть, если ситуация не перерастёт в полномасштабную войну. Но когда есть полномасштабная война, тогда всегда есть беженцы, потому что людям сложно, и многие не будут терпеть. Это вопрос безопасности людей. Даже из благополучных стран — таких, как Объединённые Арабские Эмираты — сейчас люди пытаются выехать, потому что никто не знает, что будет завтра. У нас есть студенты, которые обучаются там, и пожелание к ним — быть на контакте со своими родителями и находиться в более безопасном месте в этот период», — говорит эксперт.

Таким образом, ситуация вокруг Ирана уже стала фактором региональной и экономической нестабильности.

Қоғамды кітап оқуға үндеген «Кітап оқып, тұлға болам!» бәйгесі жайында жобаның жетекшісі, белгілі кәсіпкер Сырымбек Таумен сұхбаттасқан едік.

— Сырымбек Тауұлы, қасиетті Рамазан айының алғашқы күні «Кітап оқып, тұлға болам!» бәйгесінің басталғанын жария еттіңіз. Алдымен осы білім сайысы турасында толыққанды мағлұмат берсеңіз?

— Ештеңе сатып алудың, тіпті кітап сатып алудың да керегі жоқ. Паракшаларға да тіркелу, ұтысқа да қатысу керек емес. tulgabol.kz және Telegram каналында «Тұлға болам» деген канал бар. Осы екеуіне кірсе, ішінде қалай тіркелу керек екені жазылып тұр. Тіркегеннен кейін ол кітапты көшіріп алатын версиясы тұр. «Дала данышпаны Майқы бидің» кітабы тұр. Сіз көшірмесін аласыз, көшіресіз. Мүмкін қағазға шығарып оқисыз, мүмкін сіз телефоныңыздан, айпадыңыздан оқисыз. Үш кезеңнен тұратын бәйгенің бірінші кезеңінде қатысушы «Дала данышпаны Майқы би» кітабын оқиды. Майқы би негізі қазақтың даналығын, қазақтың болашағы мен қазақтың сол кездегі күйін жазған адам. Басты мақсат — қазақ халқына, жалпы қазақстандықтар мен шетелдегі қазақтарға кітап оқыту.

— Жалпы өзіңізге қоғамды кітап оқуға үндеу идеясы қашан, қайдан келді?

— Мен өзі кітапты өте көп оқимын деп айта алмаймын. Кітап оқыған кезде сүйсініп, тарқатып оқығанды жақсы көрем. Ұнаған кітаптарды екі рет, үш рет оқимын. Жалпы кітапты қонымды, саралап оқыған дұрыс.

Карантин кезінде бәрі үйде отырды ғой. Сол кезде маған осы ой келді. Содан 2021-ші жылы ағаларымызбен, достарымызбен ақылдаса отырып, үлкен жоба жасайық деп, карантинде бастағанбыз.

Басында азғантай қаражатпен бастадық. Өте қызық, тез арада біз елу мың, алпыс мың оқырман жинап алдық. Жазылып, тастап кетушілер де болды. Қызығушылықты қалай оятамыз? Ол кезде мектеп оқушылары, студент және ересектер деп бөлдік. Ал қазір бөлмейміз. Бір ата-ананың баласы бесінші сыныпта біздің жобаға қатысып, бес жылда жүзге тарта кітапты оқып тастапты. Бір студент 2021 жылы қатысып, екінші ме, үшінші ме орын алған. Ол қазір 200-ге тарта кітап оқыпты. Осындай жастардың зейінін ашқан сайын қалай қуанбайсыз?

Содан біз бұл жобаны үлкейте берсек деген шешімге келдік. 2023 жылы қатысушы 126 мың адамға жетті. Бір қызығы, осы жылы бас жүлдеге бір бөлмелі пәтер қойғанбыз. Екінші ұйымдастырған жылы да пәтер қойдық. Сол пәтерді Сарыағашта бір тәте ұтып алған. Бір отбасыдан бес-алты адам қатысыпты. Ол кісі айфон ұтып алмақ оймен қатысқан екен, бірақ пәтер ұтып алды.

Бірінші, екінші ұйымдастырған кезде көбіне кәсіби кітап оқитындар ұтты. Бәйгеге жалпы қатысушылардың қызығушылығы азая бастады. Содан ережені өзгерттік. Бірінші кітаптан 50 балл, екінші кітаптан 60 балл,

үшінші кітаптан 60 баллдан жоғары оқығанын дәлелдейтін болса, солардың ортасынан біз бір бөлмелі пәтер қойдық. Сол кезде ол рандом арқылы шешілетін болды. Бірақ бірден 50, екіден 40 алса, ол адамдарды жібермейміз. Өйткені, оқымады деп санадық.

Сөйтіп, кітап оқу жобасын жан-жақты зерттедік. Қазір он қатысушыға он түрлі сұрақ келеді. Сондықтан тестіні бірге отырып жасайтындай мүмкіншілік жоқ. Тексеруге қазір 16 минут беріп

КІТАП ОҚЫП,



жатырмыз. Бұрын 20 минут беретінбіз. Қазір әлем дамуына байланысты ChatGPT бар, гипсик бар. Соларға кітаптың көшірмесін салса, 100 сұрақтың жауабын 20-дан 22 минутта тауып беріп жатыр. Ал жауапты 16 минутта тауып бере алмайды. Сондықтан біз қандайда бір қулық айламен ұтып кетпесін деп, өзі оқып таспырсын деп, 16 минутқа түсірдік. Бірақ, тестіні жауып, қайта ашатын болса, сұрақтар өзгеріп кетеді. Мәселені жан-жақты қарастырдық.


Кітап оқыған адам мен оқымаған адамды қатар қоятын болсақ, кітап оқыған адам екі адым алда тұрады. Неге? Ойы жүйрік болады, тез шешім қабылдай алады, есте сақтау қабілеті мықты болады.

— Сырымбек Тауұлы, қандай бәйге болса да, қоғамның қызығушылығын оятатын стимул қажет. Биылғы бәйгенің жүлде қоры қандай?

— Биыл жобаға 25 млн. теңге қаражат бөлгенбіз. Соның 15 млн. теңгесі тікелей жүлде қоры. Бір ғана демеуші — өзімің компаниям. Ары қарай да шамамыз келсе, жалғасын табады. Онсыз да екі жылдай жобаны тоқтатып алдық.

Бас жүлде бізде 5 млн. теңге. Ол рандом арқылы анықталады. Ал бірінші орынға 2 млн. теңге, екінші орынға 1 млн. теңге. Осылай 10 орынға жүлде береміз.

Одан кейін рандомда 10 жүлде бар. Бірінші кітаптан 50 балл, екіншіде 60 балл, үшіншіде 60-тан жоғары алса, біз үш кітапты да оқиды деп санаймыз. Сол адамдарды іріктеп алып, сол адамдардың ортасынан рандом жүйесін қоямыз.



ҰТЫП АЛ!

Мысалы, наурызда берген «Майқы би дала данышпаны» кітабына 31-ші наурыз күні кешкі сағат 20.00-де онлайн тестін ашамыз. 16 минутта кім дұрыс жауап үлгереді, сол адамдарға сыйлықтар беріле бастайды. Үш кітаптың нәтижесімен үлкен сыйлықтар беріледі, бірінші кітаптың нәтижесімен кіші сыйлықтар беріледі.

— Яғни, бұл жоба өзі біраз уақытқа созылады екен ғой?

— Бұрын біз қатысушылар санын 126 000 мың адамға жеткіздік. Қазірдің өзінде 40 000 мыңнан асып тұр. Менің ойымша, биылғы жылдың аяғына дейін 126 000-ға жетіп қаламыз. Кітап оқушы елдерді анықтайтын әлемдік статистика бойынша 96-шы не 98-ші орынға кетіп қалдық. Бірақ, мен бұл статистикамен келіспеймін. Неліктен? Ол статистикада Қазақстанда оқитын адам саны сәл аз көрсеткен. Біз биыл сол статистиканы бұзамыз деп ойлаймын. 2027 жылы, мүмкін 2028 жылы 50 елдің қатарына кіретін жоспарымыз бар. Кітап оқып, әлемдегі алдыңғы қатарлы 50 елдің сапына кірсек, дағды қалыптасады, саналы һәм сапалы ұлт болып ұйысамыз.

— Осы жоба аясында оқуға ұсынылатын кітаптар қалай таңдалады?

— Жиырма шақты кітаптың ішінен таңдап аламыз. Жобада отыз сарапшы жұмыс істейді. Айталық, оқуға ұсынылған «Ақбоз үй» романының ішінде жастар оқуға болмайтын дүниелер кездескендіктен алып тастадық. Тағы бір кітап 18+ талабына сай келмеді. Сондықтан бұл оңай шаруа емес. Жиырма кітапты саралап барып, ішінен төртінші сыныптан бастап, ересекке дейін оқитын кітапты табу қиындау.

Екіншіден, ол кітапқа біз 200 тест жасауымыз керек. Оны араластырып беруіміз керек. Ол да қиын. Сондықтан тест жасайтын жеке адамдар бар. Сұраққа жауап беріп отыратын және де әлеуметтік желіні жүргізетін, тіркеуден өткізетін мамандар тағы бар.

— Бәйгеге қатысушылар оқитын кітаптардың барлығы әдеби кітаптар ма?

— Әрқалай. Кезінде «Ай мен Айшаны» оқыттық. Бұл кітапты көбіне әйелдер оқыды. Шынымды айтайын, «Ай мен Айшаны» оқыған әрбір қарындас, әпкелеріміз сабырлыққа келді, төзімділікке келді, шешім шығаруда ойланатын болды. Өйткені, сондағы Айшаның өмірбаяны, Айшаның тағдыры қанша қиын болғанын түсінді. Қазір біз жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүрген жоқпыз ба? — деген ойға шомды.

«Кітап оқып, тұлға болам» жобасында көркем шығармамен қатар, адами құндылықты дәріптейтін кітаптарды да береміз. «Қызыл жебені» оқыттық, «Ұлпанды» оқыттық. Мысалы, «Сүлеймен қарақшы» деген кітапты ересектерге ұсындық. Қайсар мінезін жоғалтып алған жігіттер көп қазір. «Сүлеймен қарақшы» сол қайсар мінезді оятты десек болады.

Иә, кітапты таңдау оңай емес. Әр автормен келісу керек, автордың құқығы бар, ол автордың құқығын алуымыз керек. Кітапты қазіргі қоғамда кең таралған кітап екен деп оқыта салуға да болмайды. Сондықтан әр кітапты саралаймыз. Негізгі мақсатымыз — адамның ой-өрісін дамыту.

— Осы уақытқа дейін сіздердің жоба бойынша қанша кітап оқытылды?

— Бүгінгі жобаға дейін 12 кітап оқытылды. Кезінде «Ұлпанды» оқытып жатқанда бір қызық жағдай болды. «Биылғы ҰБТ ны «Ұлпаннан» тапсырады екен» деген қауесет кетті де, дүкендерде «Ұлпан» кітабы табылмай қалды. Кей адамдар онлайн оқығысы келмейді, қағаз кітапты ұстап оқығысы келеді. «Қызыл жебені» оқытып жатқанда, аталған кітапқа сұраныс болғаны сонша, бүкіл Қазақстанның дүкендеріндегі «Қызыл жебе» сатылып кетті. Қазір бұл мәселе бойынша ірі кітап дүкендеріне ескертіп айтатын болдық. Ескертіп біздің жасап жатқан жұмысымыз кітапханашылардың жұмысы. Кітапханашылар осылай жасау керек еді. Бұрын біз кезінде кітапханашылармен де біріктік. Ең көп оқырман тіркеген кітапханашыға да сыйлық бердік. 2028-ші жылы 300 мың адамға кітап оқытсақ, ол деген ең үлкен жетістігіміз болар еді.

— Сырымбек Тауұлы, баланы жаста дегендей, бүгінгі жас ұрпақты кітап оқуға қалай баулыған, тәрбиелеген дұрыс деп ойлайсыз?

— Егер әке мен шеше кітап оқыса, бала кітап оқиды. Ал егер әке мен шеше кітап оқымаса, бала да кітап оқымайды. Сондықтан ұрпағымызды дұрыс болсын, ұрпағымызды дұрыс тәрбиелейік десек, әке мен шеше кітап оқуы керек. Сол үшін біз жалықпай, үлкендерге бірінші кітап оқытқымыз келеді. Соңғы екі жылда қазақ кітабының сатылымы 37 пайызға өскен, бұрын 13 пайыз еді. Ол деген қазақша кітап оқитын адамдар саны көбейді деген сөз.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Бөкен КӨРПЕБАЙҰЛЫ

ЖЫЛ ӨТТІ АСҚАР ТАУЫМ ҚҰЛАҒАЛЫ

ЖҰМАБАЙ ОҢАЛБЕКҰЛЫН ЕСКЕ АЛСАҚ

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған шумақтар қазақтың ұлы ақыны Қадыр Мырза Әлидің өлеңі, өлең болғанда қазақтың жігіттерін биіктікке, тереңдікке, кеңдікке маржандай тізілген көркем сөздермен, керемет теңеулермен шақырып тұрған тағлымы мол дүние.

Біздің кейіпкеріміз Жұмабай Оңалбекұлы да өзінің жұпар ауалы кең даласы, әр көктемде қызғалдақ теңізіне айналатын қыраттары мен жазықтары, ерекше дәмі аузыңнан кетпес қозықұйрығы мен қозықарыны жайлы тамсана әңгімелеуден жалықпайтын нағыз қазақтың кең даласының дархан көңілді перзенті еді. Сәті келген жылдары өзі бастамашы болып, сыйлас адамдарын тайлы-таяғымен қоса топтастырып алып туған жерінің әсем табиғатын көрсетуге ала жөнелетін азамат еді.

Қаладан бір күнге болса да үдеріле көтеріліп барып, кең жазиралы далада кереметтей серуенде болып, жоғарыдағыдай таңдамалы өлеңдер, әуелеген әсем әндер тыңдаған жігіттердің рухы көтеріліп, рухани көкжиектері кеңіп қайтатынды.

«Қазанаттың жолында
Жазық та бар, ор да бар.
Азаматтың жолында,
Бақыт та бар, сор да бар» – дегендей, осындай атпал азаматымыз Жұмабай Оңалбекұлының тұтқиылдан келген кесел себебімен бақилық болғанына да жыл толыпты.

Енді Жұмабай Оңалбекұлының өмірбаянына тоқталайық.

Әлімқұлов Жұмабай Оңалбекұлы 1961 жылы 7 маусымда Шымкент обласы, Сарығаш ауданына қарасты Тасқұдық ауылында өмірге келді. Әкесі – Оңалбек Әлімқұлұлы, анасы – Қыздаркүл

*Жұмабай әсеріңің тоғасым сағрың үрейің кері:
Бұлттың оңың бұлт демеі бір түрбің дер.
Жаран тұрғын мотың шырғау шырғағарға
Жалай төмен болмаңыз, ей, әсігіштер!*

*Жұмабай әсеріңің тоғасым сағрың үрейің кері:
Жұма-бұмаң дарыздан үміттер.
Жаран тұрғын мотың түсіз темізе,
Жалай тайың болмаңыз, ей, әсігіштер!*

*Жұмабай әсеріңің тоғасым сағрың үрейің кері:
Теміз пейіп, шын баспаң шырғалтың ер.
Көре тұрға мотың ұяғ даланы,
Жалай піші болмаңыз, ей, әсігіштер!*

Мұсақызы. Әкесі ағаш ұстасы, анасы үй шаруасында. Отбасында 10 бала: 7 ұл, 3 қыз.

Жұмабай Монтайтас ауылындағы Бейсен Оңтаев атындағы мектепті 1978 жылы бітірді.

1979 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтына (ЦИСИ) оқуға түсіп, 1984 жылы транспорт саласының инженері деген мамандықпен диплом алып шықты. Мектепте басталған достықтары үлкен махаббатқа ұласып, 1983 жылы Нағима атты сұлумен отау құрды.

1984 жылдан бастап жолдама бойынша Түркістан қаласының автобус паркіне диспетчер болып жұмысқа кірді, содан аға диспетчер қызметіне көтерілді. Ел басына күн туған 1986 жылы Украинада Чернобыль атом электростанциясының жарылуына байланысты алты ай бойы салмағы денсаулыққа ауыр қызметте болды. Чернобыльдан келген соң партия қатарына өтті, автопарктің парткомы болып сайланды.

Жалынды жас ұйымдастырушылық қабілетімен, өмірлік ұстанымымен, іскерлігімен, өзіне тән сезімталдығымен, алғырлығымен, үлкенді сыйлай білетін кішіпейілділігімен жарқырап көзге

түсті. Жастарды отансүйіштікке, еңбекқорлыққа, имандылыққа тәрбиелеу жолында көптеген жұмыстар атқарды, көпке үлгі болды. Жұмабай қай қызметте жүрсе де өзінің қарапайым еңбек адамдарына деген адалдығымен, ар тазалығымен, биязы мінезімен, көпшілікпен тіл табыса алатын білікті де сауатты басшы ретінде қызметтестерінің құрметіне бөленді.

1987-1993 жылдары жылдан бастап Түркістан автовокзалының бастығы болып еңбек етті. 1993 жылдан бастап түрлі коммерциялық жұмыстармен айналысуды бастады.

2003-2010 жылдары темір-жол саласында Алматы ТЭК мекемесінде басшы болып, аса жауапты қызмет атқарды.

2012 жылы Шымкент қаласына отбасымен қоныс аударып, «ЛТД тұрмыс» мекемесінде зейнетке шыққанға дейін инженер болып жұмыс істеді.

Жұмабай отбасында 4 қыз, 1 ұл асырап өсірген өнегелі әке. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Швейцарияда білім алған үлкен қызы Динара – ұлағатты ұстаз, Назарбаев Зияткерлік Мектебінде ағылшын тілі мұғалімі. Екінші қызы Дана – қазақ тілі

пәнінің мұғалімі. Үшінші қызы Ұлжан өнер жолын таңдаған, мамандығы музыкант-әнші, Шымкент филармониясында жұмыс істеген. Жұмабай мен Нағиманың үш қызынан 8 немересі бар.

Төртінші қызы Жания Еуразия ұлттық университетінің «Халықаралық қатынастар» факультетін бітіріп жатыр, АҚШ-та 5 ай стажировкада болды. Италияның Рим қаласындағы Сапиенза университетінің грант иегері, биыл күзде Италияға оқуға аттанады. Шаңырақтың иесі, тұлпардың тұяғы Еділ – Мұхтар Әуезов университетінің спорт факультетінің 3-курс студенті.

Жұмабай жан-жағындағы жақындарына жаны ашып жүретін, бауырмал азамат болды. Анасына, бауырларына, туған-туыстарының бәріне қолдан келгенше жәрдемін аямайтын. Анасын, бауырларының бәрінің басын біріктіріп киелі қала Түркістанға қоныстандырды. Анасына үй салып берді, бауырларын жұмыспен қамтамасыз етті.

Саналы өмірінде «Байлықтан артық достық жоқ, достықтан артық байлық жоқ» деген ұстанымда болған Жұмабай көптеген жолдастарымен, достарымен тығыз достық қарым-қатынаста

болды. Алыстағы досына ат берсең де жарасар – үйіне мініп барсын деп, Жақындағы досына хат берсең де жарасар – ұмытса есіне алсын деп, достарынан барын аямайтын Жұмабай қазақтың небір ардақты азаматтарымен дос, сыйлас болды, бұл жерде курстастары Сәуірбай Есжанов, Талғат Әміриев, Нышанәлі Орманов, Құдасбек Бабаханов бастаған бір топ достарын, кластастары Ерзатхан, Төлбасы, өзімен қатарлас ағайындары Малғаждар Исмайылов, Серікбай Бердібеков бастаған жігіттерді атап өтсек болады, сәйкесінше осындай азаматтардың ықыластарының арқасында Жұмабайдың отбасына лайықты моральдық қолдау көрсетіліп отырған жағдайы бар. Марқұм болған курстас досы, осы өңірдің белгілі тұлғасы Айдархан Орынбасаровпен де Жұмабайдың сыйластығы мен бір-біріне деген құрметтері елден ерекше болған еді.

Енді Жұмабайдың жылдық асы қарсаңында «өліге иман, тіріге жүрім» тілей отырып, еске алу мақаламызды өлеңмен бастап едік, өлеңмен аяқтайық.

Жыл өтті асқар тауым

құлағалы,

Жыл өтті анам іздеп

жылағалы.

Күніміз сағынышпен өтіп

жатыр,

Жүрегіміз «әке»

деп соғады әлі...

Алла салды басымызға

сынақты,

Жиі еске алсын деп не, неге

жылатты?

Қайғысы мен қызығы

көп өмір-ай,

Бір көтеріп, бірде жығып

құлатты...

Еске алады бүгін

туыс-бауырың,

Дос-жараның, ұл-қыздарың,

ауылың.

Рухың риза болсын деген

ниетпен,

Құраның да бағыштамақ

қауымың.

Бір топ сыйлас

ағайындары атынан

Тұрақ-Серік Мұсабайұлы

ӨНЕР

Режиссер Қанат Бейсекеев Қазақстандағы аңшылық дәстүрі мен қазақтың ит тұқымын сақтап жүрген жандар жайлы «Тазы» атты деректі фильмді көрермен назарына ұсынды.

ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ

Танымал режиссердің тазы туралы туындысы жарық көрді

Фильмнің басты кейіпкері – Рашид Атамбаев. Ол көп жылдан бері қазақтың тазының тұқымын өсіріп, оның тазалығын сақтауға атсалысып жүрген жандардың бірі. Рашид үшін бұл жай ғана әуестік емес. Ит баптау оның өмірінің ажырамас бөлігіне айналған. Ол бұл істі ұлттық мұраға деген жеке жауапкершілігі ретінде қабылдайды.

Туындыда кейіпкердің күнделікті тіршілігі көрсетіледі: ол иттерімен бірге уақыт өткізіп, аңға шығады, түрлі жарыстарға қатысады. Рашид Атамбаев

Еңбекшіқазақ ауданындағы бақтардың бірінде басқарушы болып қызмет етеді. Фильм барысында ол тазыға деген ерекше сүйіспеншілігін ашық айтып, өмірінде кездескен қиындықтармен де бөліседі. Кейіпкердің айтуынша, дәл осы асыл тұқымды иттер оған қиын кезендерден шығуға көмектескен.

– Тазы – мен үшін аса қымбат. Олар менің айнымас серігім, сенімді көмекшім, тіпті жан дүниеме деуге болады. Оларды өз отбасымадай көремін. Осы иттердің арқасында табиғатқа



жақындай түстім: бұрын қыр мен таудан қашпақтасам, қазір оны шын жүреппен жақсы көремін, – дейді кейіпкер.

Рашид Атамбаевтың айтуынша, ол тазы өсіруді 2017 жылы бастаған. Алғашында бұл іспен байыппен айналысамын деп ойламаған. Алайда бір күні ауласына тазы еріп келіп, күні бойы қасында жүреді. Сол сәттен бастап ол итті қалдыруға шешім қабылдайды.

– Оның атын Береке деп қойдым. Ол менің алғашқы тазым болды. Кейін күшіктеп, шаруашылығым көбейді. Қазір қолымда 21 ит бар. Оларды аңға

қосамын, күн сайын өзіммен бірге баққа апарамын. Кейбірімен көрмелерге, шығра тарту сияқты жарыстарға қатысамын. Тазы – өте жуас әрі ақылды жануар. Бірақ аңға шыққанда мінезі күрт өзгеріп, нағыз болмысын көрсетеді. Оларды күтіп-баптау оңай емес: ай сайын жем-шөбіне, яғни ет пен қосымша азығына шамамен 100 мың теңге жұмсалады, – дейді ол.

Режиссер Қанат Бейсекеев фильмді түсіру идеясы бұдан бес жыл бұрын пайда болғанын айтады. Бастапқыда ол «Жеті қазына» тақырыбында фильмдер топтамасын түсіруді жоспарлаған. Кейін тазы тұқымын көргенде, дәл осы тақырыпқа жеке туынды арнауға бел буған.

– Бес жыл бұрын кейіпкер іздеп жүріп Рашидпен таныстым. Сол кезде-ақ фильмді осы адам туралы түсіру керек екенін түсіндім. Ол – көптеген отандастарымыз сияқты күнделікті тіршілік кешіп,

қиындықтарды еңсеріп жүрген қарапайым қазақ. Бірақ оның жан-тәнімен берілген ісі бар, ол – қазақтың құмай тазысы. Бұл фильм ғылыми зерттеу емес, тазыға шын көңілімен берілген адамның өмірі туралы көркем-деректі хикая, – дейді режиссер.

Оның айтуынша, фильмнің негізгі мақсаты – адамдарға төрт аяқты достарына мейіріммен қараудың маңызын түсіндіру әрі ұлттық құндылықтарды сақтауға назар аударту. Түсірілім аяқталғаннан кейін режиссердің өзі де үш тазы асырап алған. Тіпті олардың бірі ұлының ең жақын досына айналып, режиссердің өзіне де ерекше әсер сыйлаған.

Фильмнің түсірілімі үш айға созылғанымен, дайындық кезеңі әлдеқайда ұзақ уақытты алған. Қазіргі таңда деректі туынды стримингтік платформалар арқылы көрерменге жол тартты.

Біздің басты назар аударатын мәселе – балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне жедел ведомстваралық әрекет ету, мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету және жәбірленуші бала мен оның отбасына кешенді қолдау көрсету. Мамандардың айтуынша, уақытылы әрекет ету өте маңызды, себебі баланың психологиялық жағдайына ауыр салдар әкелуі мүмкін.

Психологтер баланың эмоциялық күйіндегі күрт өзгерістерге ерекше назар аударады. Тұйықталу, ұрей, агрессия, сабақ үлгерімінің төмендеуі – баланың қиын жағдайға тап болғанын көрсететін белгілер. Мұндай жағдайда мамандар баламен мұқият жұмыс істеп, тиісті органдарға ақпарат береді.

Алгоритмге сәйкес зорлық-зомбылық фактісі анықталған жағдайда ішкі істер органдары, прокуратура, білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау органдары бірлесіп әрекет етеді. Қажет болса, бала қауіпсіз ортаға орналастырылады. Сонымен қатар жәбірленуші балаға және оның отбасына арнайы әлеуметтік және психологиялық қызметтер көрсетіледі.

Білім беру ұйымдарында психологиялық сүйемелдеу жұмысы да маңызды бағыттың бірі. Педагог-психологтер жәбірленуші балаға, оның ата-анасына және қажет болған жағдайда сынып жұмысына психологиялық қолдау ұйымдастырады. Жеке кеңес беру, травмаға бағытталған терапиялық әдістер, баланың эмоциялық тұрақтылығын қалпына келтіру және қайталама виктимизацияның алдын алу – осындай жұмыстың негізгі құрамдас бөліктері.

Ақпараттық қауіпсіздікке де ерекше назар аударылады. Мамандар баланың жеке деректерін қорғауға міндетті, әлеуметтік желілерде немесе БАҚ-та оның мәліметтерін жариялауға жол берілмейді. Бұл – баланың құқықтарын қорғаудың маңызды шарты.

Психологтердің кәсіби жауапкершілігі жоғары. Олар фактілерді жасырмай, заң талаптарын сақтап әрекет етуі тиіс. Эмоционалдық бейтараптықты сақтау және ведомстваралық әрекет алгоритмін нақты меңгеру – кәсіби жұмыстың негізгі талаптары. Мамандардың айтуынша, әрбір уақытылы жасалған әрекет баланың болашағына оң әсер етеді. Сондықтан балалардың қауіпсіздігі – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Қарасай ауданы, «Елтай жайлы мектеп» КММ базасында Елтай аймақтық мектеп педагог-психологтерінің ұйымдастыруымен мектеп және колледж педагог-психологтеріне арналған «Сенім және көмек: жәбір-



ПЕДАГОГИКА

Психолог көмегіне жүгінеді

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы басты назарда. Осы тұрғыда мектептегі психологтердің атқаратын қызметі ерекше маңызды. Психологтер балалардың психологиялық ахуалын бақылап, оқу үдерісіне бейімделуіне, тұлғалық дамуына және білімді толық меңгеруіне қолдау көрсетеді. Сондықтан мектепте балалардың дұрыс әрі сапалы білім алуына психологтердің қосар үлесі зор екенін атап өту қажет.



ленушілерге қолдау көрсетудің тиімді жолдары» тақырыбында супервизия өтті.

Супервизияның негізгі мақсаты – педагог-психологтердің кәсіби құзыреттілігін



арттыру, жұмыс барысында кездесетін күрделі жағдайларды бірлесіп талдау, мамандардың эмоционалдық күйзелісін азайту, сондай-ақ тәжірибе алмасу арқылы кәсіби қолдау көрсету.

Шара аясында Алматы облысы бойынша психологиялық қолдау оқу-әдістемелік орталығының Қарасай ауданы бойынша үйлестірушісі Жасұлан Нұртаев аудан педагог-психологтеріне осы алгоритм бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі білім беру жүйесінде педагог-психологтердің рөлі ерекше. Олар оқушылардың психологиялық саулығын сақтауға, түрлі қиын жағдайларды шешуге, балалар мен ата-аналарға қолдау көрсетуге бағытталған маңызды жұмыстар атқарады. Осындай күрделі әрі жауапты қызметті тиімді орындау үшін мамандарға кәсіби қолдау мен тәжірибе алмасу алаңдары аса қажет. Солардың бірі – супервизия.

Іс-шара барысында қатысушылар білім беру ұйымдарында кездесетін түрлі жағ-

дайларды талқылап, жәбірленуші балаларға психологиялық көмек көрсету жолдарын қарастырды. Нақты мысалдар мен тәжірибелік жағдайлар негізінде мамандар өз пікірлерін білдіріп, тиімді әдіс-тәсілдерімен бөлісті. Сенімді қарым-қатынас орнату, қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру және этикалық нормаларды сақтау мәселелері де кеңінен талқыланды.

Супервизия педагог-психологтер үшін кәсіби тұрғыдан ғана емес, эмоционалдық тұрғыдан да маңызды алаң болып табылады. Маман өз тәжірибесінде кездесетін күрделі жағдайларды талдап, әріптестерінен қолдау алады. Бұл кәсіби шаршаудың алдын алып, жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Мұндай кездесулер педагог-психологтердің кәсіби дамуына оң ықпал етіп қана қоймай, білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің сапасын арттыруға да септігін тигізеді. Сондықтан педагог-психологтерге арналған супервизиялар – қазіргі таңда аса қажетті әрі маңызды кәсіби қолдау формаларының бірі.

Шара барысында психолог мамандар психологиялық сергіту жаттығуларын жасап, эмоционалдық күйді тұрақтандырудың әдіс-тәсілдерін ортаға салды. «Сенім көпірі» тренингі барысында сенімді қарым-қатынас орнату, эмпатия және белсенді тыңдау дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар орындалды.

Сонымен қатар мамандар «БаДуанЦзинь» жаттығуын жасау арқылы бір-бірімен тәжірибе алмасып, шеберліктерін шындай түсті.

Сәния ҚОСАН,
«Б.Тамабаев атындағы орта мектеп» КММ педагог-психологі

Қарасай ауданы
Алматы облысы

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Бас редактор –
Құлтөлеу МҰҚАШ

Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің
Бас редакторы –
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы –
Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

Аймақтағы тілшілер:
Астана тілшілер қосыны:
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Тарту бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мұтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340)

Астанада «Алты Алаш»
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік
№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ – 11 100

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3
ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 ұй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор
Дастан Елдес

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында
басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

Объявления

Организация ТОО «Intera Design», БИН «130940004586» (г.Алматы, ул. Шевченко 165 Б/72Г) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования объявления по адресу г.Алматы, ул. Караоткел, д.102
Телефон - 8 7015555584.

Организация ТОО «TABYS REAL GROUP», БИН «221240028906» (г.Астана, ул. Ахмета Жубанова, д. 10) сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня опубликования объявления по адресу г.Астана, ул. Ахмета Жубанова, д. 10
Телефон - 8 775 776 8516.

ТОО «Медикал Спорт Центр Кз» прекращает свою деятельность.
По всем вопросам обращаться по телефону: +7 701 722 64 25.

«Медикал Спорт Центр Кз» ЖШС өз қызметін тоқтатады.
Сұрақтар бойынша +7 701 722 64 25 телефон нөміріне хабарласыңыз.

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 жылға | қала үшін 5750,88 тенге | ауыл/аудан үшін 5974,32 тенге

Мекемелер ТІКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУҒА болады

Газетке 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 тенге.
100 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 500 000 тенге.
1000 данаға 1 жылға тікелей жазылым – 5 000 000 тенге.